



АҚШ – Қытай: ДЕРЖАВАЛАР ДИАЛОГЫ

3



АЛМАТЫНЫҢ АПОРТЫ

ресми түрде
қазақстандық брендке
айналды

8



«ҰЛТТЫҚ АТЫ-ЖӨН ТУРАЛЫ» ЗАҢ ҚАЖЕТ

12

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №134 (6427) 9 қараша, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

СЫНДАРЛЫ САЯСАТ:

ӨЗАРА ТИІМДІ НӘТИЖЕГЕ ҰМТЫЛЫС

тату көршілік және одақтастық қатынастарға негізделген
Қазақстан – Ресей диалогының басты ерекшелігі



Бүгін елімізге Ресей Президенті ресми сапармен келеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 9 қараша күні Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Астанаға ресми сапармен келеді, деп хабарлайды «АҚШАМ-АҚ-ПАРАТ» Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Ресей басшысының Қазақстанға сапары қарсаңында «Известия» газетіне берген сұхбатында Қасым-Жомарт Тоқаев шын мәнінде, екі ел басшыларының кездесулері тұрақты сипат алып келе жатқанын, бұл Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастардың мән-мазмұны бай әрі жоғары деңгейде екенін айқын көрсететінін, екіжақты кездесулерде немесе интеграциялық бірлестіктер аясындағы көпжақты келіссөздерде болсын, талқылайтын мәселе жеткілікті екенін айтты. Сындарлы саясат және өзара тиімді нәтижеге ұмтылыс – Қазақстан мен Ресей диалогының негізгі ерекшелігі.

2

ЖАҢАРҒАН ТЕЛЕСТУДИЯ

Ерболат Досаев Almaty телеарнасының қызметімен танысты

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Almaty телеарнасына барып, телерадиокомпанияның қызметімен танысып, шығармашылық ұжыммен кездесті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кездесу барысында шаһар басшысына телеарна жұмысының нәтижелері туралы баяндалды. Almaty арнасының бас директоры Тимур Базарбаевтың айтуынша, соңғы 1,5 жылда телеаудиторлардың өсуі шамамен, 70%-ға құраған. Ал сайт 5 есеге, яғни жылына 9 миллионнан 45 миллионға дейін қаралым жинаған. Бұл ретте коммерциялық кірістер 65%-ға, ал медиа сатушы желісі бойынша 2 есе өскен.

Бүгінде республикалық мәртебеге ие Almaty телеарнасы бүкіл ел бойынша міндетті арналар тізіміне енген. Хабар таратудың бүкіл тұжырымдамасы түбегейлі өзгерген арнада барлық бизнес-процестер оңтайландырылып, қызметкерлердің жалақысы 50%-ға артқан. Жаңа маусымда көрермендер үшін 18 тележоба дайындалды. Мемлекеттік тілдегі үлесі 83%-ға жетті.

Ерболат Досаев телеарнаның қызметімен танысу барысында жаңарған түсірілім павильонын көрді. Мегаполис әкімі жаңа технологиялардың дамуын ескере отырып, өндірістік-техникалық базаны одан әрі жаңарту қажеттігіне



назар аударды. Сонымен қатар, адами капиталды дамыту шаралары техникалық қолдаумен бірге арнаға уақыт талаптарына жауап беретін жоғары сапалы өнім жасауға мүмкіндік беретінін тілге тиек етті.

– Біздің қала үшін Almaty телеарнасы ерекше рөл атқарады. Алматылық рухты қолдау және қала тұрғындарына жақсы көңіл-күй сыйлау – арнаның басты міндеті. Бүгінде арнаның контенті Алматының өзекті күн тәртібін көрсетеді және қаланың әр тұрғыны арнадан

керегін таба алады, – деген қала басшысы телеарна ұжымына қаладағы оқиғаларды жариялаудағы жұмысы үшін алғыс білдірді.

Мегаполис басшысы тек қаланың ғана емес, еліміздің басқа өңірлері тұрғындарының да аудитория талаптарына баса назар аударуды және хабар тарататын контентті түзуді айтты. Сондай-ақ, әкім Алматыдағы креативті индустрия кәсіпорындарымен ынтымақтастықты арттырудағы арнаның болашағын атап өтті.

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

9.11.2023

Түнде:

+4+6 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынды.

Күндіз:

+9+11 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

10.11.2023

Түнде:

+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынды.

Күндіз:

+7+7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





АҚОРДА АҚПАРАТТАРЫ

СЫНДАРЛЫ САЯСАТ:

ӨЗАРА ТИІМДІ
НӘТИЖЕГЕ ҰМТЫЛЫСтату көршілік және одақтастық қатынастарға негізделген
Қазақстан – Ресей диалогының басты ерекшелігі

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы «Известияға» берген сұхбатында екі ел арасындағы тату көршілік және одақтастық қатынастарға негізделген ынтымақтастыққа айырықша маңыз берді: «Биыл ХХІ ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 10 жыл толады. Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы достықтың тарихы тереңде жатыр, ғасырлар қойнауынан тамыр тартады. Дегенмен, 2013 жылы қол қойылған мемлекетаралық шарттың символдық мәні зор. Өйткені, бұл қазақ-орыс байланыстарының келешегіне жол ашады. Елдеріміз арасындағы тату көршілік және одақтастық қатынастарға негізделген ынтымақтастықтың тарихы бай және болашағы жарқын деп бағалаймын», – деді Президент.

Сапар барысында екі ел басшылары келіссөз жүргізіп, Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестіктің өзекті мәселелерін талқылайды деп жоспарланған.

«Ресей Президентімен Астанада өтетін алдағы кездесудің күн тәртібі өте ауқымды. Біз екіжақты саяси, сауда-экономикалық, мәде-

ни-гуманитарлық ықпалдастық мәселелерін жан-жақты талқылаймыз деп жоспарлап отырмыз. Халықаралық ұйымдар мен интеграциялық құрылымдар аясындағы байланыстардың аспектілерін де қарастырамыз. Әлемдегі ахуалдың қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары жөнінде пікір алмасамыз. Сонымен қатар, Өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысамыз. Бұл – аймақтар мен екі ел кәсіпкерлері арасындағы тікелей байланыстарды нығайтуға ықпал ететін бірегей әрі өте тиімді формат», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев «Известия» газетіне берген сұхбатында.

Ал биыл Қостанай қаласында аталған жиын 19-шы рет өткізілмек. Іс-шараның тақырыбы – ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық. Президенттер Қазақстан мен Ресейдің ХІХ Өңіраралық ынтымақтастық форумына бейнебайланыс режимінде қатысады, делінген ақпаратта.

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Известия» газетіне берген сұхбатының толық мәтінін газетіміздің 4-5-беттерінен оқыңыздар).

ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКАНЫ
РЕФОРМАЛАУ

бағдарламасын іске асыру барысы қаралды

Мемлекет басшысы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Жандос Шаймардановты қабылдады.

Президентке Қазақстан экономикасындағы құрылымдық және институционалдық реформалардың жүзеге асырылуына жасалған сараптама жұмыстары таныстырылды. Бұдан бөлек, ұлттық статистиканы реформалау жөніндегі бағдарламаның іске асырылу барысы және Ұлттық статистика бюросын цифрлық ведомствоға айналдыру жөніндегі тапсырмасының орындалуы туралы мәлімет берілді.

Агенттік төрағасы мемлекеттік статистика және деректерді басқару мәселелері бойынша заң жобасы әзірленгенін баяндады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік-экономикалық реформаларды сапалы әзірлеу маңызды екенін атап өтіп, осы бағыттағы жұмысты жалғастыруды тапсырды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМ

50 МИЛЛИАРД
ЕВРО

Елімізде Hyrasia One жобасы аясында су тұщыту зауытын, 40 гигаваттық жаңартылатын энергия көздері (жел, күн) станцияларын, сондай-ақ қуаты 20ГВт болатын әрі жылына 2 миллион тонна «жасыл» сутегін немесе 11 миллион тонна «жасыл» аммиак өндіре алатын суды электролиздеу қондырғысын салу және пайдалану көзделіп отыр.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Svevind Energy Group компаниясының бас директоры Вольфганг Кроппен кездесуі барысында Маңғыстау облысында «жасыл» сутегін өндіру жөніндегі жобаны жүзеге асыруға дайындық мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысына Еуропалық Кеңес Президенті Шарль Мишельдің былтыр Қазақстанға жасаған сапары барысында қол қойылған Инвестициялық келісім аясында алдын ала жобалау-іздістіру жұмыстары (Pre-FEED) жүргізіле бастағаны жөнінде мәлімет берілді. Жоба аясында Инвестиция-

ның алдын ала болжамды көлемі 50 миллиард еуродан асады.

Вольфганг Кропп жобалық құжаттама 2026 жылға қарай аяқталатынын айтты. Инфрақұрылым құрылысын 2027 жылы бастап, 2032 жылы пайдалануға беру жоспарланған. Бұл бастама Қазақстандағы жаңартылатын энергия көздері саласын дамытуда жетекші жобалардың бірі болмақ әрі еліміздің көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсатына елеулі үлес қосары сөзсіз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

САЙЛАУ – 2023



Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кеңесшісі:

АЙМАҚТАҒЫ
АЛҒАШҚЫ
САЯСИ ТӘЖІРИБЕ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин өзінің telegram парақшасында биылғы 5 қарашада елімізде алғаш рет өткізілген аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сайлауына қатысты пікір білдіріп, жазба қалдырды.

«Қазақстанда тұңғыш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері сайланды. Өздеріңізге мәлім, ауыл әкімдерін сайлау 2 жылдан бері өткізіліп келеді (содан бері 1700-ге жуық әкім сайланды). Аудан әкімдерінің сайлауы қоғамда зор қызығушылық тудырды. 45 әкім лауазымына 125 үміткер таласты. Олардың қатарында түрлі саланың өкілдері – экономистер, заңгерлер, оқытушылар, инженерлер, ауыл шаруашылығы және басқа да сала мамандары болды. 7 саяси партияның бәрі аудан әкімдерінің сайлауында өз үміткерлерін ұсынды. 1497 сайлау учаскесінде кандидаттар сенім білдірген тұлғалар, байқаушылар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, барлығы 8500-ге жуық адам байқау жүргізді. Өткен сайлау – Орталық Азия аймағындағы алғашқы осындай саяси тәжірибе. Осылайша Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси реформалары өңірдегі саяси жаңғырту ісінің жаңа бағдарын айқындауда», – деп тұжырымдаған Мемлекеттік кеңесші.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БАЙЫПТАМА

АҚШ – Қытай:

ДЕРЖАВАЛАР ДИАЛОГЫ

Үмітті ақтай ма?

АҚШ пен Қытай сынды екі ірі державаның қарым-қатынасы қазіргі халықаралық қатынастың жалпы картинасына терең әсер етіп тұр. Сондықтан да әлем елдері екі ел арасындағы маңызды деген саяси іс-қимылдарды қалт жібермей қадағалайды. Айталық, қазір шетелдік ақпарат құралдарында алдағы аптада болатын Байден–Си кездесуі көбірек талқылануда. Әдеттегідей әр тарап әр түрлі жорамалдар айтады. Бірі кездесуге зор үміт артып жатса, екіншісі керісінше нәтиже күтеді. Бұған дейін де айтып келеміз, Вашингтон мен Бейжіңнің қарым-қатынасы біздің ел мен аймаққа да өзінің ықпалын жасайды. Әрі қазіргі жаһандық жағдайдың тұрақсыздығына байланысты олардың қарым-қатынасындағы өзгерістер жыл өткен сайын үлкен ықпалын алып келуде. Сондықтан басылымымыздың оқырмандарына көптен күткен кездесу жайындағы сөз-сарапты алдын ала ұсына кетуді жөн санадық.

Неге? Қайда? Қашан?

Байден–Си кездесуі неге назар аудартады?

Джозеф Байден АҚШ-тың 46-шы президенті болып сайланғалы бері Қытай басшысы Ши Жінпінмен (Си Цзиньпин) тек бір-ақ рет бет көріскен. Оның өзінде де сырт елде, Индонезияның Бали қаласында өткен G20 саммиті аясында кездесті.

Одан бұрын, пандемия кезінде тікелей бір рет онлайн конференцияда жүздескені болмаса, екі ірі елдің лидерлері тым сирек сөйлеседі. Соның өзі Вашингтон мен Бейжің қарым-қатынасының қазіргі жай-күйінен хабар береді. Биыл Үндістанның астанасы Жаңа-Делиде өткен «Үлкен жиырмалық» саммитінде кездесуі мүмкін деп күтілген. Жоғары деңгейдегі кездесу АҚШ–Қытай арасындағы қожырап бара жатқан байланысты қалыптастырып, диалогты жандандыра ма деген үмітке байланған. Бірақ олай болмады, саммит уақытына жақындағанда Қытай басшысы қатыспайтыны мәлім болған. Осылайша екі ел лидері арасындағы жоғары деңгейдегі кездесу жүзеге аспаған сайын, қос тарап та диалогтан алшақтап, қарым-қатынастары қожырап бара жат-

қан. Тек жағдайды бақылаудан шығарып алмау үшін ғана жоғары лауазымды тұлғалары кездесіп тұрды. Міне, енді салкынкабақ екі елдің лидері келер аптада Сан-Франциско қаласында кездескелі тұр. Себебі, онда Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы (АТЭС) саммиті өтеді. Кездесудің болатынын Ақ үй жағы өткен аптада ресми растаған. Байден мен Си АҚШ–Қытай қарым-қатынасынан тартып, әлемдегі бірқатар күрделі мәселелер төңірегінде пікір алмасады деп күтілуде.

Кездесудің маңызы мен мәні

Мәселе, АҚШ–Қытай арасындағы қайшылықтың тереңдеп кетуінде. Қазір Вашингтон мен Бейжің бір-бірін негізгі бәсекелес, тіпті қарсылас санайды. Әрі іс-қимылдарына бір-біріне мақсатты қарсы тұру жатыр. Қарапайымдап айтқанда, төбелеспесе де ерегіскен екі адамның қылығына ұқсап қалады. Бұндай жағдай қалыптасқан дипломатиялық арналарды біртіндеп қысқартып, кейбір маңызды халықаралық мәселелерде де тараптарды ортақ пікірден алыстатып келеді.

Ал мұндайда жоғары деңгейдегі кездесулер қайшылықты оңдауда бұрылыс жасап жатады. Ең кемінде келіспейтін мәселелерді диалог арқылы талқылауға жол ашады. Кез келген қайшылықты мәселе, келіспеушіліктер турасында пікір алмаспаса немесе диалог арқылы реттелмесе бұның соңы қақтығысқа қарай бастайтыны белгілі. Байқап қарасак, биыл жаз айларынан тартып АҚШ Қытаймен байланыс арналарын құруға белсенді түрде ұмтылыс жасады. Бірақатар америкалық жоғары лауазымдылар Қытайға ресми сапармен барды. Айталық, Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкеннен тартып Қаржы министрі Жанет Йеллен, Байденнің климат жөніндегі өкілі Джон Керри, сауда өкілі Джина Раймондо қатарлылар кезегімен Бейжіңге барды. Қытайдың да бірқатар жетекші өкілдері Вашингтонға барды. Қазан айының соңында ғана Қытай СІМ жетекшісі Ван И сапары да тараптардың диалогын тереңдеткендей болды.

Алдағы аптадағы кездесу державалар ортасындағы күрмеуі қалындаған шиеленістерді жеңілдетуге жасалған тағы бір қадам. Кемінде екі тараптың ерегіспесе мәмілесінің соңы қандай қауіпті салдарға бастайтынын түсінуге жол ашылады. Ірі елдер бір-біріне тек осындай жоғары деңгейдегі кездесулерде ғана өз ұстанымдарын көбірек түсінікті жеткізе алады. Оның үстіне

жаһандық геосаяси кеңістікте жаңа қақтығыс алаңы ашылып, әлемдік тұрақтылық пен бейбітшілікке қатер төнген тұста ірі державалар арасындағы пікір алмасудың маңызы арта түседі.

Негізгі тақырыбы қандай?

Араға жыл салып әрең дегенде жүздескелі отырса да, кездесуде нақты не мәселелердің талқыланатыны қазір де анық емес. 31 қазанда Ақ үй кездесу жайында ресми мәлімдеме таратты. Онда кездесу сипатын «АҚШ пен Қытай арасындағы қатал бәсекелестік жағдайындағы «конструктивті» диалог» деп көрсеткен. Сол ресми мәліметтерге сүйенсек, Байден мен Си арасында Тайвань тақырыбынан тартып, экономикалық және жоғары технологиялық салалардағы келіспеушіліктер, адам құқығы, климат тақырыбы, импорттық және экспорттық шектеулер, екі ел арасындағы адамдар мен мәдени алмасуларды кеңейту, сондай-ақ, Украинадағы және Газадағы қақтығыстар төңірегінде талқы болатыны айтылған.

Америкалық басылымдарға зер салсақ, қазір Конгрестің палата өкілдері президенттеріне ұсыныс жасап жатыр. Олар кездесуде Байден Қытайда тұтқынға алынған америкалықтарды босату мәселесін көтерсе дейді. Әрі Қытай басшысымен кездесу жүзеге асын-аспасын Құрама Штаттардың негізгі ұстанымының сақталуын айрықша талап етуде.

Көптен күткен, әрі зор үміт артатын жүздесу

Екі ел басшыларының кездесуі көптен күткен, әрі зор үміт артатын жүздесу. Тіпті, соңғы сәтте кездесуден бір тараптың бастарту жағдайы болуы да мүмкін. Соған қарамастан, екі ірі экономика арасында қақтығыс қаупі өскен сайын әлемдегі мүдделі топтар қайшылықтың диалог арқылы реттелуіне мүдделі бола түсуде. Әрине, Байден әкімшілігі мен Си жетекшілік еткен ҚКП билігі ортасындағы жоғары деңгейдегі пікір алмасу болсын, болмасын қазіргі жалпы қарым-қатынас күйіне өзгеріс әкелуі екіталай. Көптеген сарапшылар бұл пікірмен келісетіні анық. Себебі, тараптардың келіспеушілігі бұрынғыдай сауда немесе ұлттық экономикалық мүдделерден алқып шығып, екі елдің саяси ұстанымдарына, тіпті халықтардың құндылықтарына қарай ойысты. Бұндай терең дау-шарды, түйіншектелген күрмеуді бір реткі кездесумен шешу мүмкін болмай қалды. Сөйтсе де, болуы ықтимал қақтығыс қатерін алыстатады деген жеңіл үміт артуға тұратындай.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



САРАПТАМА

2023 жыл, 5 қараша:

САЙЛАУ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

Газетіміздің алдыңғы санында 29 қазанда өткен мәслихат депутаттарын сайлау жайлы жазған едік. Өткен айда еліміздің 21 сайлау округы бойынша сайлау өтті. Барлығы 11 өңір. Жергілікті өкілді органға сайлауда саяси партиялар белсенділік танытты. Алайда, халықтың басым көпшілігі дауыс берген жоқ. Сайлауға бару көрсеткіші бар болғаны 40%-ды құрады. Ал енді халық әкімдерді сайлауға қалай қатысқанын анықтап көрсек. 5 қарашада аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау өтті.

Жаңа үрдіс жалғасады

2023 жылды «сайлаулар жылы» десек те болады. 19 наурыз-да Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайладық. Мәжілістің құрамы жаңарды. VIII шақырылым депутаттары жаңа есімдермен толықты. Оппозициялық партия Мәжілістен өз орнын тапты.

Қазір депутаттар батыл мәлімдемелер жасап жатыр. Үкімет мүшелерімен саяси полемикаға да түсуде. Бірмандатты округтен сайланған Бақытжан Базарбек сияқты депутаттар министрлерді жерден алып, жерге ұруда. Кей кезде асырасілтеушілік те бар. Саяси популизмге де ерік берілуде. Дегенмен, бұл қалыпты үрдіс. Орыстар мұны «болезнь роста» дейді. Мұндай кезде басшылық тарапынан жол сілтеу әрекеттері де байқалуда. Бұл да қалыпты. Адам Смит айтқан «нарықтың көрінбейтін қолы» сияқты. Саясатта да жол сілтеу қажет.

Сөзсіз қазіргі Мәжілісті Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформасының жемісі деуге болады. Рас, Жоғарғы Кеңестің 12,13 шақырылым депутаттарының деңгейіне жетуге әлі біраз уақыт қажет. Дегенмен, бір нәрседен бастау керек. Сүрініп, құлап, тұрып көш жүре түзеледі. Бұл үрдістің аясында 29 қазанда мәслихат депутаттарын сайлау өтті. Өмір болғасын кейбір депутаттар өз мандаттарын тапсырып жатады. Шығып қалған депутаттардың орны бос қалмауы тиіс. Осы орайда сайлау өтті.

Қоғамдық-саяси өмірді демократияландыру үрдісіндегі келесі маңызды мәселе – жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару. Жергілікті мемлекеттік басқару бұл аймақтардағы әкімдер мен әкімшіліктің жұмысын құрайды. Яғни атқарушы билік. Ал жергілікті өзін-өзі басқару мәслихаттар және өзге де қоғамдық ұйымдардың жұмысы. Осы уақытқа дейін екі институттың аражігі ажыратылмады. 2020 жылдан бастап бұл бағытта реформалар басталды. 1 қыркүйектегі Жолдауында Президент ауылдық округтердің әкімдерін сайлау туралы бастама көтерген еді. Екі жылдан астам уақыт бойы ауылдық әкімдердің төрттен үші сайланды.

Президент биылғы қыркүйектегі Жолдауында әкімдерді



(Фото: election.gov.kz)

сайлаудың екінші кезеңін өткізуді ұсынды. Енді аудан және облыстық деңгейдегі қала әкімдерін сайлаймыз.

Тікелей демократияға дайынбыз ба?

Сонымен, Президент бастамасын жүзеге асыру аясында 5 қарашада сайлау өтті. Шыны керек, сарапшы ретінде сайлау кемінде 1 жылдан соң өтеді деп болжағанмын. Себебі, 30 жылдан бері мантраға айналған «халық демократияға дайын емес» деген стереотипті пікір қанымызға сіңіп кеткен. Одан арылу оңай емес. Бұл бағытта 30 жыл бойы мемлекеттік идеологиялық саясат сапалы жұмыс істегенін мойындау қажет.

Дегенмен, суға түспей, шомылуды үйрене алмаймыз. Неміс философы Гегельдің бұл сөздері дәл осы сәтке арналған сияқты. Себебі, 7 жыл өз мақсатынды жүзеге асыру үшін өте аз мерзім. Рас, қатардағы азаматқа бұл ұзақ уақыт болуы мүмкін. Бірақ мемлекеттік деңгейде қас-қағым сәт. Өйткені, «Ескі Қазақстанның» белгілері әлі бар. Қанға сіңіп, әдетке айналған. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, реформаларды батыл, әрі жылдам жүзеге асыру қажет. Әйтпесе 7 жылда халыққа берген уәде сөз күйінде қалады.

Бұдан бөлек, 2020 жылдан бері біраз уақыт өтті. Ауыл әкімдерін сайлау тәжірибесі бар. Ары қарай соза берудің қажеті жоқ. Қателік жасап қана мақсатына жетуге болады. Бұл, әсіресе, тікелей демократияға қатысты.

Демократияның бірнеше түрі бар. Ең кең тарағаны тікелей және өкілді демократия. Өкілді демократия АҚШ-та кең тараған. Онда президентті «выборщики» сайлайды. Олар сайлаушы-

лардың өкілі. Бізде әкімдер өкілді демократия арқылы тағайындалатын. Жергілікті мәслихаттың келісімімен Президент тағайындайтын. 2020 жылдан бастап тікелей демократия енгізіле бастады. Ауыл әкімдерін жергілікті тұрғындар тікелей сайлай бастады. Енді міне, аудан мен облыстық маңызы бар қалаларға да кезек келді.

Өзін-өзі ұсынғандар белсенді ме?

5 қарашада өткен сайлауға оралайық. Алғаш рет пилоттық негізде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайладық. Сайлау өтетін әкімшілік аумақтарды жергілікті мәслихаттар бекітті. Себебі, оларда мұндай өкілеттік бар. Осылайша депутаттар 42 аудан мен 3 облыстық маңызы бар қалалардың тізімін бекітті. Бұл да мәслихаттардың формальды болса да, атқарушы органды бақылау қызметін атқаратынын көрсетеді.

Еліміз бойынша 42 аудан мен 3 облыстық маңызы бар қаланың әкімдері сайланды. Сайлау бүкіл 17 облыста өтті. Бастапқыда 249 үміткер өтініш білдірді. Оның 164-і тіркелді. Ал аяққы мәреге 125 үміткер жетті. Яғни бастапқыда бір орынға 5,5 адам таласса, соңында бұл көрсеткіш 2,8-ге түсті. Демек, бәсекелестік екі есе азайды деген сөз.

29 қазандағы мәслихат сайлауына қарағанда бұл жолы өзін-өзі ұсынғандар белсендірек. Анығырақ айтар болсақ, басында белсенді еді. Өтініш білдіргендердің (249) 36,24%-ы партиялар, ал 63,86%-ы өзін-өзі ұсынғандар. Ал тіркелген 164 үміткерден 95-і өзін-өзі ұсынғандар, ал 69 үміткерді партиялар ұсынған. Бұл өзін-өзі ұсынғандардың көпшілігі тіркеуден өтпей қалғанын көрсетеді. Олардың саны 159-дан 95-ке түскен. Бәйгеңің мәресіне бұдан да азы жетті. Демек, бұл партиялардың әлсірегенін білдірмейді.

Екіншіден, өзін-өзі ұсынғандар да партия мүшесі болуы мүмкін. Заңнамада ондай шектеу жоқ. Сондықтан саяси партиялар әлі де сайлауда белсенді.

Билеуші партияға бәсеке бар

Бәрімізде AMANAT бүкіл округтарда жеңеді деген пікір қалыптасқан. Алайда, бұл сайлауда олай бола қойған жоқ. Әрине, көп жерде «аманаттықтардың» үстемдігі байқалды. Дегенмен, абсолютті басымдық болған жоқ. Мысалы, Бәйдібек (Түркістан облысы) және Ақкөл (Ақмола облысы) аудандарында «Ауыл» партиясының мүшелері жеңіске жетті. Ержігіт Шәріпбек бұған дейін сол Бәйдібек ауданының әкімі болған. Енді сайлау арқылы әкім атанды. Ал Әбдірахманов Біржан биыл қыркүйектен бері Ақкөл ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

Қостанай облысының Денисов және СКО Мамлют аудандарының әкімі болып ҚХП мүшелері сайланды. Екеуі де «аманаттық» үміткерді жеңген. Р.Ж.Қатпаев Денисов ауданы әкімінің уақытша міндетін атқарушы болған. Ал Степаненко Елена Мамлют ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

Қостанай облысының Федоров ауданында «Respublica» партиясының өкілі жеңіске жетті. Т.Қ.Исабаев қайтадан әкім қызметіне кірісті. Бірақ бұл жолы сайлау арқылы әкім атанды.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





СҰХБАТ

«ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ
ТАРИХЫ БАЙ ЖӘНЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың

Талқылайтын мәселе жеткілікті

– Жақын күндері Сіз Ресей Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізесіз. Соңғы уақытта сіздер тұрақты кездесіп жүрсіздер. Атап айтар болсақ, 7 қазанда Мәскеуге сапармен келдіңіз, 13 қазанда Бішкекте өткен ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының кеңесіне қатыстыңыздар. Сол жерде де Ресей Федерациясының Президентімен жүздестіңіз. Екі ел арасындағы қатынастардың дамуына қандай баға бересіз? Алдағы келіссөздер барысында нендей мәселелерге баса мән беріледі?

– Шын мәнінде, біздің Владимир Владимирович Путинмен кездесуіміз тұрақты сипат алып келеді. Бұл Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастардың мән-мазмұны бай әрі жоғары деңгейде екенін айқын көрсетеді. Екіжақты кездесулерде немесе интеграциялық бірлестіктер аясындағы көпжақты келіссөздерде болсын, талқылайтын мәселе жеткілікті. Ресей Президенті – барлық саладан жан-жақты хабардар әрі білікті тұлға. Оның жаһандық және өңірлік процестерге көзқарасы көп жағдайда қазіргі әлемдік ахуалға ықпал етеді.

Сындарлы саясат және өзара тиімді нәтижеге ұмтылыс – Қазақстан мен Ресей диалогының негізгі ерекшелігі. Біз әрдайым ресейлік серіктестеріміздің ұстанымына назар аударуға тырысамыз, олар да біздің пікірімізді ескереді.

Өзіңізге мәлім, биыл ХХІ ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 10 жыл толады.

Бірегей әрі өте тиімді формат

Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы достықтың тарихы тереңде жатыр, ғасырлар қойнауынан тамыр тартады. Дегенмен 2013 жылы қол қойылған мемлекетаралық шарттың символдық мәні зор. Өйткені, бұл қазақорыс байланыстарының келешегіне жол ашды. Елдеріміз арасындағы тату көршілік және одақтастық қатынастарға негізделген ынтымақтастықтың тарихы бай және болашағы жарқын деп бағалаймын.

Ресей Президентімен Астанада өтетін алдағы кездесудің күн тәртібі өте ауқымды. Біз екіжақты саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ықпалдастық мәселелерін жан-жақты талқылаймыз деп жоспарлап отырмыз. Халықаралық ұйымдар мен интеграциялық құрылымдар аясындағы байланыстардың аспектілерін де қарастырамыз. Әлемдегі ахуалдың қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары жөнінде пікір алмасамыз.

Сонымен қатар, Өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысамыз. Бұл – аймақтар мен екі ел кәсіпкерлері арасындағы тікелей байланыстарды нығайтуға ықпал ететін бірегей әрі өте тиімді формат. Биыл Қазақстанның Қостанай қаласында аталған жиын 19-шы рет өткізіледі. Іс-шараның тақырыбы – ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық. Форум Ресей Президентінің Қазақстанға алдағы сапары секілді табысты өтеді деп сенемін.

Аймақтық тұрақтылық,
энергетикалық қауіпсіздік

– Қазан айында Сіз Владимир Путинмен және Шавкат Мирзиёевпен бірге Ресей газын Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға тасымалдау жобасын іске қосу рәсіміне қатыстыңыз. Сіздің еліңіз үшін бұл бастама қаншалықты маңызды? Қазіргі уақытта Ресеймен бірлесе тағы да қандай ірі экономикалық және инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатыр? Жуық арада қандай жобалар қолға алынбақ? Сіздің ойыңызша, мұнай-газ және бейбіт мақсатта қолданылатын атом салаларындағы ықпалдастықтың даму перспективалары қандай?

– Газ саласы мемлекеттеріміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық прогресінде ерекше рөл атқарады. Сондықтан Ресейдің көгілдір отынын тасымалдау ісі жобаға қатысушы барлық тараптың мүддесіне сай келеді. 7 қазанда іске қосылған бұл жоба Қазақстанның газ тасымалдау инфрақұрылымын кеңейтуге және жаңғыртуға, Орталық Азияның аймақтық тұрақтылығы мен энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, елдеріміздің өндірістік дамуына, бизнес-ахуалды жақсартуға, сондай-ақ азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруға тың серпін береді.

Біз өзіміздің транзит әлеуетімізді толыққанды пайдалануға мүдделіміз және Ресей газын тасымалдау көлемін одан әрі ұлғайтуға дайынбыз.



Биыл 1 қарашада өткен Халықаралық газ форумында Қазақстан Үкіметі мен «Газпром» арасында Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл – 15 жылға дейінгі кезеңді қамтитын өзара тиімді серіктестік жоспарын әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған ұзақмерзімді құжат.

Қазақстан мен Ресейдің мұнай саласындағы ынтымақтастығы бұрыннан табысты дамып келеді. Елімізде «Лукойл» және «Татнефть» сияқты ресейлік концерндер жемісті жұмыс істеп жатыр.

Биыл ақпан айында «ҚазМұнайГаз» бен «Лукойл» Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі «Қаламқас теңіз», «Хазар», «Өуезов» кен орындарын игеру жобасы бойынша бірқатар келісім жасалды.

Бұдан бөлек, 2022 жылы «Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI)» мұнай химиясы кешенінің құрылысы аяқталды. Ол әлемде полипропилен өндіретін ең ірі он кәсіпорынның қатарына кіреді. Аталған жобаға ресейлік «Сибур» компаниясы да қатысады.

2022 жылы Саран қаласында «Татнефть» компаниясының қатысуымен автомобиль дөңгелектерін шығаратын «KamaTyresKZ» зауыты салынды.

Екі елдің аумағы арқылы тасымалданатын мұнайдың үлесі айтарлықтай зор. Қазақстан мұнайының 80 пайызға жуығы Ресей аумағы арқылы (Каспий құбыр желісі консорциумы) сыртқы нарыққа экспортталады. Сол сияқты Ресей мұнайы Қазақстан аумағы арқылы ҚХР-ға жеткізіледі. 2033 жылға дейінгі кезеңде 100 миллион тоннадан астам Ресей мұнайын тасымалдау жоспарланып отыр.

АЭС құрылысы:
түпкілікті шешім референдум
қорытындысы бойынша қабылданады

Бейбіт мақсатта қолданылатын атом саласындағы ықпалдастық – энергетикалық ынтымақтастығымыздың негізгі бағытының бірі.

Елімізде АЭС салуға қатысты түрлі пікір айтылып жүр. Бір жағынан, Қазақстанның атом энергетикасын дамыту әлеуеті мол. Еліміз табиғи уран өндіру көлемі жөнінен әлемде бірінші орын алады. Сондай-ақ, ядролық отын компоненттерін өз елімізде өндіреміз және уранды изотопты

байыту жөніндегі қызметтерге қол жеткізе аламыз. Үлбі металлургия зауытының базасында Қытайдың атом электр станциялары үшін дайын ядролық отын шығарылады.

Екінші жағынан, көптеген азаматтар мен сарапшылар атом станциясының қауіпсіздігіне күмән келтіреді. Семей ядролық сынақ полигонының ауыр қасіретін ескерсек, мұны түсінуге болады.

Қазақстан аумағында АЭС салу мәселесінде Ресей тарапының жәрдем беру ұсынысын жоғары бағалаймыз. Әйтсе де, АЭС құрылысы жөніндегі түпкілікті шешім референдум қорытындысы бойынша қабылданады. Мен 2019 жылғы сайлауалды бағдарламамда аса маңызды стратегиялық проблемаларға қатысты шешім референдум арқылы қабылданады деп мәлімдеген едім.

Инвестициялық
ынтымақтастық

Инвестициялық ынтымақтастық туралы сауалыңызға орай мына нәрсені айтқым келеді.

Соңғы 18 жылда Ресейден Қазақстанға келген тікелей инвестицияның жалпы көлемі 20 миллиард доллардан асты. Өз кезегінде, Қазақстанның Ресейге құйған инвестициясы 6 миллиард долларға жуықтады.

Инвестициялық ықпалдастықтың осылайша оң қарқын алуына өндірістік кооперацияның да септігі тиді. Оның аясында екі елдің бизнес субъектілері жалпы сомасы 33,5 миллиард доллар болатын 143 бірлескен жобаны жүзеге асырып жатыр. Жалпы сомасы 3,2 миллиард доллар болатын 30 маңызды жоба сәтті іске қосылды.

Қазіргі кезде машина жасау, металлургия және химия өнеркәсібі секілді экономиканың маңызды салаларында 40 жоба жүзеге асырылуда. Олардың жалпы құны 16,6 миллиард долларды құрайды әрі 15 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтиды.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын дамыту үшін бұл бағытта мол әлеует бар.

«Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі
зор мүмкіндіктерге жол ашады

– Батыс елдері бұрын-соңды болмаған мөлшерде санкция салды. Бұл шектеулер көлік-логистика саласына да әсер етеді. Соған қарамастан, Ресей мен Қазақстанның аталған саладағы ынтымақтастығы табысты өркендеп келеді. Мысалы, екі ел «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізін дамытып отыр. Осы бағыттағы ықпалдастықтың келешегіне қандай баға бересіз?

– Қазақстанның теңізге шығатын жолы жоқ. Сондықтан Парсы шығанағындағы айлақтарға дейін жетіп, одан әрі Үндістанға шығатын «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі зор мүмкіндіктерге жол ашады әрі еліміздің экономикалық дамуын өрге сүйрейтін локомотивтің біріне айнала алады.

Аталған бағыт Еуразия құрлығындағы көлік қатынастарының құрылымын, тіпті кооперация мен өзара қарым-қатынас деңгейін түбегейлі өзгертуі мүмкін.

«Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін дамыту мақсатында тараптар инфрақұрылымды жаңғырту, терминалдардың қуаты мен жылжымалы құрамның санын арттыру, әкімшілік кедергілерді алып тастау және тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасау үшін үйлесімді жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстан мен Ресейдің өзара көлік байланысын, соның ішінде «Солтүстік – Оңтүстік» бағытын нығайту, сайып келгенде, өзара сауда мен инвестиция көлемінің ұлғаюына оң ықпал етері сөзсіз.

Бүгінде халықаралық ынтымақтастық бағытында көлік-логистика саласының маңызы артып келеді. Шын мәнінде, әлемде көлік бағдарларына, логистикаға бақылау орнату үшін қызу бәсеке жүріп жатыр. Қазіргі кезде Еуразияның жаңа көлік құрылымы қалыптасуда. Мұны ойдағыдай жүзеге асырсақ, қатысушы тараптардың бәрі де экономикалық әрі саяси пайдаға кенелмек.

Физикалық инфрақұрылымнан бөлек, тауар транзитіне арналған ортақ цифрлық жүйені қалыптастыру үшін нақты шешімдер әзірлеу өте маңызды. Ол сенімді әрі қолдануға оңай, озық цифрлық технологияларға негізделген шешім болуға тиіс.

Қазақстан бар мүмкіндігі мен ресурсын жұмылдырып, сенімді логистикалық хаб ретінде қызмет көрсетеді. Тасымалданатын жүк көлемін арттыру үшін өз аумағымыздағы



АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН»

«Известия» газетіне берген сұхбаты

теміржол және автомобиль жолдарының талапқа сай келмейтін тұстарын реконструкциялауға әзірміз.

Қазақ мәдениетін әлемге таныту біз үшін маңызды

– 13 қазанда Бішкекте өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кезекті отырысында Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру туралы шартқа қол қойылып, Жарғысы бекітілді. Бұл құрылымды құру жөнінде Өзіңіз бастама көтергеніңіз белгілі. Жалпы, ұйым қызметінен не күтесіз? Қазақстан мен Ресейдің мәдени-гуманитарлық саладағы, соның ішінде ТМД аясындағы ықпалдастығы келешекте қалай дамиды деп ойлайсыз?

– Ортақ мәдени-гуманитарлық кеңістік Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын біріктіруші маңызды фактор болған әрі алдағы уақытта да солай қала береді. Бұл бағыттағы өзара тиімді ынтымақтастығымыздың табысты болуына бірден-бір себеп – ТМД елдері халықтарының тілдері мен орыс тілінің үйлесімді әрі теңгерімді дамуы.

Бүгінде БҰҰ-ның ресми тілдерінің бірі саналатын әрі халықаралық тіл мәртебесіне ие орыс тілі – мемлекеттеріміз арасындағы достық қарым-қатынасқа демеу болатын ұйыстырушы фактор. Сондай-ақ, өңірлік кооперацияны, ынтымақтастық пен өзара сенімді нығайтатын пәрменді құрал рөлін атқарып отырғаны жасырын емес. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды деп ойлаймын.

Орыс тілі жөніндегі халықаралық ұйым құру туралы бастама көтерген кезде мен әлемдік тәжірибені де басшылыққа алдым. Кезінде француз, неміс, испан және басқа да тілдерді дамыту үшін осындай халықаралық ұйымдар құрылған.

Мына нәрсеге баса назар аударғым келеді. Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру идеясы ТМД елдерінің, соның ішінде Қазақстанның мемлекеттік тіл саясатына балама жасау ниетінен туған қажет. Ұйымның құқықтық субъект ретінде танылуы және оған ТМД-ға мүше емес өзге мемлекеттердің қосылуына ашық болуы маңызды.

Биыл ТМД аумағында Орыс тілі жылы болып жарияланды. Мұның символдық мәні зор. Санкт-Петербург Достастық елдерінің 2023 жылғы мәдени астанасы болды. Ол ТМД елдері арасындағы мәдени байланыстардың нығаюына зор үлес қосты. Бұл ретте екіжақты мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастар Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың маңызды бағыты болып қала береді.

Соңғы кездері бұл саладағы ықпалдастығымыз айтарлықтай жандана түсті. Қазақстанда және Ресейде екі елдің мәдениет күндері, Қазақстан немесе Ресей киносының күндері ұйымдастырылып тұрады. Биыл өтіп жатқан «Орыс маусымы» жобасы елімізде көрермен ықыласына бөленді. Сонымен қатар, шығармашылық білім беру, музей-кітапхана ісі салаларындағы ынтымақтастығымыз нығайып келеді. Қазақстанның әртістері мен шығармашылық ұжымдары Ресейде ұйымдастырылатын мәдени іс-шараларға белсенді түрде қатысады.

Өзара құрмет пен екі елдің мүддесіне сай келетін осынау игі дәстүр келешекте де жалғасады деп сенемін. Қазақ мәдениетін әлемге таныту, сонымен қатар Ресейдің өзіне тән ерекше мәдениетін жақынырақ білу біз үшін маңызды.

Жалпы, ТМД ұйымының отыз жылдық қалыптасу кезеңінде мәдениетаралық диалог Достастық кеңістігіндегі мәдени және гуманитарлық ортақ құндылықтарды тарату ісінде маңызды рөл атқарғаны сөзсіз. Бұл бағытты ТМД-ның рухани бірлігінің арқауы, елдеріміз мен халықтарымыздың арасын жалғаған «алтын көпір» деп санаймын.

Орта білім беру саласындағы ынтымақтастық

– Қазақстан Республикасында кейінгі кездері Ресейдің бірқатар жоғары оқу орнының (МИФИ, Губкин атындағы Мұнай және газ РМУ) филиалдары ашылды. Екі ел арасында орта, кәсіптік және бастауыш білім салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту жөнінде қандай жоспарлар бар?

– Қазіргі уақытта Ресейде 60 мыңнан астам қазақстандық студент білім алып жатыр. Бұл өзге елдермен салыстырғанда, әлдеқайда көп.

Бұдан Ресей жоғары оқу орындарының білім әлеуеті жоғары әрі сұранысқа ие екенін байқауға болады. Сонымен қатар, мұндай таңдау жасауға территориямыздың жақындығы, тілдік кедергінің жоқтығы, оқу ақысының қолжетімділігі, оқытушылар құрамының біліктілігі, көптеген білім ордасының кеңес кезеңінен бері қалыптасқан беделі мен атағы ықпал етті.

Қазақстанда техникалық бейіндегі шетелдік жетекші оқу орындарының филиалдарын ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Биыл еліміз Қазақстан мен Ресей үкіметтері арасында жасалған Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі

білім беру мекемелерінің филиалдарын тең негізде құру және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялады.

Соның нәтижесінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында МИФИ филиалы, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті базасында И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік университетінің филиалы ашылды. Келесі жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің жанынан Д.И.Менделеев атындағы Ресей химия-техникалық университетінің филиалын ашу жоспарланып отыр. Халықтарымыздың тарихи және мәдени жақындығын ескерсек, орта білім беру саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге екі тараптың да қызығушылығы бар. Қазақстанның оңтүстік облыстарында Қазақстан-Ресей бірлескен білім беру мекемелерін ашу жөнінде келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Бұл ретте біз Ресейдің Қазақстанмен шекаралас, қандастарымыз көп тұратын облыстарында осындай мектептер ашуға мүдделіміз.

Көпжақты өңірлік диалогты дамытатын басым бағыт

– Қазіргі уақытта Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп отыр. Осы Ұйымның аясында елдеріміздің өзара ықпалдастығы қалай өрбиде? Астана үшін ШЫҰ қызметіндегі қандай салалар басымдыққа ие?

– Ең алдымен, Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының тең құрылтайшысы екенін атап өткім келеді. ШЫҰ – біз үшін көпжақты өңірлік диалогты дамытатын басым бағыттың бірі.

Жиырма жылдан астам уақыт бойы табысты жұмыс істеп келе жатқан ұйым қазіргі таңда күн тәртібі ауқымды әрі беделді көпжақты платформаға айналды. Бүгінде орасан зор саяси-экономикалық, адами және мәдени әлеуетке ие Шанхай ынтымақтастық ұйымын, шын мәнінде, аймақтағы қауіпсіздіктің кепілі, өзара тиімді экономикалық ықпалдастықтың ауқымды кеңістігі және мәдени байланыстардың сенімді дәнекері деп атауға болады.

Бұл туралы биыл шілде айында өткен ШЫҰ саммитінде айттым. Біздің ойымызша, қазіргідей күрделі геосаяси және геэкономикалық жағдайда сенімге, өзара тиімді мүддеге, теңдікке арқа сүйейтін, мәдениеттердің әралуандығына құрметпен қарайтын және қатар дамуға ұмтылатын «Шанхай рухының» мызғымас іргетасын нығайтуға басымдық беру керек.

Бұл ретте Қазақстан үшін ШЫҰ-ға төрағалық ету – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. ШЫҰ төрағасы ретінде біз ұйымдағы өзара ықпалдастықты бұдан да жоғары деңгейге көтеруді, оның жұмысының тиімділігін одан әрі арттыруды басты мақсат етіп қойдық.

Осыған орай өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, көпжақты ынтымақтастықтың сауда-инвестициялық және мәдени-гуманитарлық мазмұнын байыту Қазақстан төрағалығының басымдықтары ретінде жарияланды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымын одан әрі дамытудың көптеген өзекті мәселелері мен перспективаларына қатысты елдеріміздің ұстанымдары сәйкес келеді. Бұл – екіжақты серіктестіктің нәтижелі екенін білдіретін маңызды көрсеткіш. Жаңа сынақтар мен қауіп-қатерлерге төтеп беру, көпжақты экономикалық диалог пен гуманитарлық байланыстарды нығайту мәселесіндегі ұстанымдарымыз ортақ.

ШЫҰ-ның Ақпараттық қауіпсіздік орталығын құру жөніндегі Қазақстан ұсынған келіссөздерді ілгерілетуде Ресей белсенді рөл атқарады. Сондай-ақ, Алматыны ШЫҰ-ның туристік және мәдени астанасы, ал 2024 жылды ұйым аясында Экология жылы деп жариялау туралы ұсынысымыз қолдау тапты.

Елдеріміз ШЫҰ мен оның негізгі органдарының қызметін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ ұйымның энергетика, экономика, құқық қорғау және экология салаларындағы ортамерзімді кезеңге арналған стратегиялық құжаттарын дайындау ісінде күш біріктірді.

Мен Қазақстан мен Ресейдің табысты ынтымақтастығына зор үміт артатын. Бұл келесі жылы шілде айына жоспарланған ШЫҰ саммитінің табысты өтуіне септігін тигізетіні сөзсіз.

Ол үшін ауқымды әрі жүйелі жұмыстарды бірлесе атқаруымыз керек. Біздің «Шанхай рухына» бейілдігіміз бен бір-бірімізді қолдау ниетіміз ынтымағымызды нығайтып, ШЫҰ-ны дамыту жөніндегі ортақ тәсілдерді әзірлеуге ықпал ететініне сенімдімін.

Адамзатты біріктіретін, баламасы жоқ жалғыз жаһандық ұйым

– Біз қазір құбылмалы заманда өмір сүріп жатырмыз. Ерте ме, кеш пе, бірполярлы әлемнен көпполярлы әлемге ауысамыз. Әлемдік экономикалық жүйенің ұс-

тындары да өзгеріске ұшырауда. Осыған орай келешекке деген көзқарасыңыз қандай?

– Көріп отырғанымыздай, заманауи көпполярлы әлемді қалыптастыру үдерісі тым ауыр жағдайда өтіп жатыр. Дүниежүзінің әр қиырында қақтығыстар, санкциялық текетірестер, сауда соғысы өршіген жағдайда болашаққа сеніммен қарау да қиын.

Алайда, парасат пен ынтымақ жікке бөліну мен өзімшілдіктен үстем боларына сенімдімін. Әлем тарихында мұндай мысалдар жеткілікті. Түптеп келгенде, жаһан жұрты ұзақмерзімді бейбітшілік орнайтын күнге жетеді. Ол үшін мынадай екі шарт міндетті түрде орындалуға тиіс. Атап айтқанда, өзара ымыраға дайын болу және халықаралық құқық нормаларын сақтау. Мұның екінші бөлігі – Қазақстанның сыртқы саясаттағы негізгі ұстанымы.

Кез келген қайшылықты БҰҰ Жарғысының нормалары мен қағидаттарына сай шешуге болатынына көміл сенемін. Бұл құжатты әлемдік қоғамдастық адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыстан кейін қабылдады. Мұндай қасиет енді қайталанбауы үшін халықаралық аренада бәріне түсінікті, ортақ ойын ережесі қабылданды. Бұл ізгілік пен адамгершілік қағидаттарының зор жеңісі еді. Әзірге әлем қақтығыстарды өңсерудің бұдан артық тәсілін ойлап тапқан жоқ.

Жер көлемі, қуаты мен экономикалық әлеуетіне қарамастан, барлық мемлекет тең. Халықаралық құқық ешқандай бұра тартусыз, теңдей және бәріне бірдей қолданылады.

Сондықтан ашуды ақылға жеңдіріп, халықаралық құқық нормаларын мүлтіксіз сақтаған сәттен бастап, әлемде тепе-теңдік қайта орнайды деп санаймын. Бұл формула саяси жүйелер үшін де, қазіргі замандағы экономикалық, экологиялық және гуманитарлық мәселелерді шешуде де өзектілігін жоймайды.

Бүгінде біз халықаралық жағдай шиеленісе түскен шақта өмір сүріп жатырмыз. Саяси қысым жасау әдістері, сауда және санкциялық соғыстар алдыңғы орынға шықты. Бұл халықаралық сауда жүйесін түбі тығырыққа тірейді.

Біз бұрын-соңды болмаған геосаяси бөлшектену және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жікке бөліну жағдайына куә болып отырмыз. Саясат пен экономикада жаһандық және аймақтық деңгейде өзгерістер жүріп жатыр. Бұл мемлекеттер мен құрлықтардың қауіпсіздігіне алаңдаушылық туғызады.

Үйлесімді әлемдік экономика құру үшін Жаһандық Оңтүстік және Жаһандық Солтүстік елдері өзара сенімге, бір-бірінің мүддесін құрметтеуге, сондай-ақ көпжақты ынтымақтастық қағидаттарына негізделген ортақ мәмілеге келуі керек. Осындай күрделі үдерісте БҰҰ маңызды рөл атқаруға тиіс. Қазіргі таңда ол барлық адамзатты біріктіретін баламасы жоқ жалғыз жаһандық ұйым саналады.

Бұл орайда түрлі шектеулер мен геосаяси бөлшектенудің күшеюі БҰҰ-ның бірлігі мен ұйым мандатының үстемдігіне нұқсан келтіріп жатқанын мойындауымыз қажет.

Ұйымға қатысты сыни пікірлер көбейіп келеді. Сын, негізінен, ішкі реформалар жасау қажеттігіне байланысты айтылып жатыр. Жер шарының әр қиырындағы дағдарыстарды реттеуде БҰҰ қауқарсыздық танытып отыр.

БҰҰ-ны жаһандық қауіпсіздікті сақтайтын, ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне төтеп беретін, қазіргі заманның түйткілдерін тиімді шеше алатын негізгі күшке айналдыратын уақыт жетті деп ойлаймын.

Ұйымның көптеген институты қырғи-қабақ соғыс жылдарында құрылғандықтан, олардың жұмыс тәсілі тарих қойнауына кеткен дәуірге негізделген. Қауіпсіздік Кеңесін реформалау қажеттігі айқын байқалады. Мұны Кеңес құрамын кеңейту арқылы жүзеге асыруға болады.

Шағын және орта мемлекеттер ірі державалар арасындағы алтын көпірге айналып, халықаралық тұрақтылық үшін тарихи жауапкершілік арқалады. Қауіпсіздік Кеңесінің аясында осындай мемлекеттердің үні жарқын шығып, олардың бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ерекше рөлге ие болуы маңызды.

ШЫҰ мен БРИКС-тің соңғы саммиттерінде «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастама көтердім. Ол жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, демократия қағидаттарына сай және рационалды саяси, халықаралық экономикалық тәртіпті қалыптастыру үшін тиімді прогреске қол жеткізуді көздейді.

Ынтымақтастықты нығайту үшін стереотиптерді түбегейлі қайта қарау керек. Ол өзара сенімді қалпына келтіруге, қолданыстағы халықаралық міндеттемелердің орындалуына күш салуға, сондай-ақ орнықты жаһандық дамуға ықпал етуге және әлемдік саясаттағы өзекті мәселелерді шешуге септігін тигізетін нақты шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде тек конструктивті диалог пен мемлекеттердің ұжымдық күш-жігері, жоғары кәсіби дипломатия ғана әлемдегі тұрақтылықты қалпына келтіреді. Сонымен қатар, БҰҰ Жарғысы негізінде барша адамзаттың игілігіне қызмет ететін әділетті халықаралық қатынастар жүйесін құруға ықпал етеді деп нық сенемін.

(Дереккөз: www.akorda.kz).



● НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

БІРҚАТАР ІРІ БАЗАРЛАРДА орындар заңсыз жалға берілген

Алматының қала құрылысын бақылау басқармасы мамандарының хабарлауынша, бүгінде қала базарларының аумағында шамамен 350 шаршы метр заңсыз құрылыс алаңы бар.



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Алматы әкімінің тапсырмасы бойынша жоспардан тыс жүргізілген тексерулердің нәтижелері базарлардың меншік иелері құрылыс жүргізуге, тіпті жер учаскелеріне рұқсат құжаттарының жоқтығына қарамастан, жалпы сауда алаңын заңсыз ұлғайта отырып, сауда павильондарын тұрғызғанын көрсетті. Пайда табу үшін меншік иелері павильондарды жалға заңсыз берген әрі олардың заңсыз екенін жасырған. Бүгінде жұмыс істеп тұрған 60 базардың ішінен 37 базардың заңсыз екені анықталды. Оларға әкімшілік сипаттағы шаралар қабылданды.

Сонымен қатар, заңсыз павильондар салу есебінен базарлардың жалпы сауда алаңы едәуір ұлғайған. Мәселен, олардың 7-еуі бойынша ішінара бұзу туралы сот шешімі бар. Олардың қатарында «Кәрім», заңды тұрғызылған сауда объектілерінің жалпы ауданы 900 м² құрайды. Бұл ретте заңсыз тұрғызылған объектінің көлемі 480 м²; «Көтерме сауда» базары, жалпы ауданы 15000 м² құрайды, оның ішінде заңсыз объектілер 6000 м², мемлекеттік қордың жерлерін басып алу көлемі – 638 м²; «Арыстан», жалпы сауда алаңы 7753 м², заңсыз объектілер 2143,37 м²; мемлекеттік қордың жерлерін басып алу көлемі – 505 м²; «Тигрохауд», жалпы сауда алаңы – 7075 м², заңсыз объектілер 3307,4 м², мемлекеттік қордың жерлерін басып алу көлемі – 875 м²; «Үш қоңыр», жалпы сауда алаңы – 6200 м², заңсыз объектілер 4997 м², мемлекеттік қордың жерлерін басып алу көлемі – 1242 м²; «Семиречье-Жетісу», жалпы сауда алаңы – 142 034 м², заңсыз объектілер 54 732 м²; «Бақ орда», жалпы сауда алаңы – 76 530 м², оның ішінде заңсыз объектілер 6000 м² аумақты құрайды.

Осылайша жоғарыда аталған базарлардың меншік иелері заңсыз павильондар есебінен жалпы сауда алаңын орта есеппен үштен бірге ұлғайтқан. Қазіргі уақытта «Бақ орда» және «Көтерме сауда» базарлары бойынша заңсыз салынған сауда объектілерін сүру басталды. Тағы 30 базар бойынша сот органдарына талап-арыздар берілетін болады.

● ӨЗЕКТІ

ТӘУЕЛДІЛІК ТҮҢҒИЫҚҚА БАТЫРАДЫ

Екі жасқа дейінгі балаларға телефон ұстатуға болмайды

Алматы қалалық Психикалық денсаулық орталығының директоры Сапар Рахменшеев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте есірткіге, ішімдікке және құмар ойындарға тәуелділік әдеттерімен күресу, оның пәрменді әдістері туралы айтып берді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА



Был Алмат қалалық Психикалық сауықтыру орталығының мамандары ІІБ-де әкімшілік бұзушылық үшін ұсталған адамдар арасында да нашақорлық пен маскүнемдікке шалдыққан науқастарды анықтаған. Өкінішке қарай жасөспірімдер арасында наркологиялық кеселді ертерек анықтауға қатысты мәселе әлі шешілген жоқ. Себебі, жасөспірімдердің ата-аналары мектептерде есірткі/психобелсенді заттарды қолдану бойынша зерттеулер (тестілеу) жүргізуге қарсы. Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығында биылғы 11 айдағы көрсеткіш бойынша 4599 адам наркологиялық есепте тұр. Көрсеткіш 100 мың тұрғынға шаққанда 212,1-ге тең, бұл өткен жылғы деңгейден 0,5%-ға төмен (2022 жылы – 4572 адам). Оның ішінде кәмелетке толмағандардың саны – 16 (2022 жылы – 18 жасөспірім).



● ЖАРЫҚТАНДЫРУ

АЛМАТЫ ТҮНІ ЖАП-ЖАРЫҚ

Қалада 1200 көше шамы ауыстырылып, 14 шақырым сыртқы жарықтандыру желілері салынды

Алматыда көшелерді жарықтандыру желілерін қалпына келтіру жұмыстары жалғасып келеді. Алмалы, Әуезов, Жетісу, Түркісіб, Алатау, Медеу ауданының әкімдіктері децентрализация аясында «Алматы Қала Жарық» МКК-мен жарықтандыру жабдықтарына қызмет көрсетуге келісім-шартқа отырды. Соның нәтижесінде қызметкерлердің штат саны артты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Алматы Қала Жарық» МЖӨ жергілікті жерлерде көшелерді жарықтандыру мәселесін өз бетінше шешіп келеді. Бұрын компанияның құрылымында техникалық қызмет көрсету мамандары болмаған, бұл міндетті қазір жұмысты



сапасыз орындаған үшін сот талқылауы жүріп жатқан жекеменшік әріптес (ABM-Vuilding 2007, «Электрремонт» ЖШС және «ABM-Project» ЖШС сынды үш компаниядан тұратын консорциум) орындаған. Қаланың қоғамдық қабылдау бөлмесіне көшелерді жарықтандыруға қатысты жекеменшік серіктестің кемшіліктері мен салғырттығына байланысты шағымдар әлі де келіп жатыр.

Айта кетейік, егер қазан айының соңында учаскелерге 20 маман барса, бүгінде көшпелі бригада 30 адамға дейін толықты. Сол қызметкерлердің санын кезең-кезеңімен көбейту, сонымен қатар, жақында Наурызбай және Бостандық ауданының әкімдіктерімен осындай шарттар жасасу жоспарланған.

Қазіргі уақытта ШЖҚ «Алматы Қала Жарық» МКК қала көшелерінің, даңғылдарының, скверлерінің, алаңдарының және көппәтерлі үйлердің ауласының сыртқы жарықтандыру желілерін қалпына келтіру жұмыстарын жалғастырып отыр.

Атап айтқанда, аудан әкімдіктерімен жасалған шарттың талабына сәйкес 14 км жарықтандыру желісі салынып, 1200 шам жөнделіп, ауыстырылды. Жөндеу бригадаларының көбеюін ескере отырып, проблемалық учаскелерге қызмет көрсету уақыты айтарлықтай қысқарды. Сыртқы жарықтандыруды басқару шкафтары жөнделіп жатыр.

Өткен демалыс күндері әл-Фараби даңғылында, Құлжа күре жолында, ШААЖ, Сүйінбай даңғылында техникалық мамандар 470 шамды ауыстырды. Сонымен қатар, Абай даңғылында (Сейфуллин даңғылынан Абылай хан даңғылына дейін) 46 торшерлі көше шамы орнатылды.

● «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

САПАНЫ САРАПТАУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЗОР

Қоғамда қандай жұмыстың да сапалы болуы жиі айтылып келеді. Әсіресе, тауар өндірушілердің сапасы қазір басты орында тұр. Осыған орай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тауар сапасын сараптаушылардың жауапкершілігіне арналған жиын өтіп, кеңінен талқыланды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш жиын жұмысына «Техникалық реттеу және метрология» ЖШС директоры Әлия Кемербекова және «Стандарттау және сертификаттау» білім бағдарламасында оқитын 4-курс студенттері қатысты.

Жиынды ұйымдастырушы 1-курс докторанты Марина Нұғман бұл кездесудің болашақ осы сала мамандары үшін маңызы зор екені туралы баса айтты. Жас маманның айтуынша, аталмыш жиынның негізгі өзегі – елімізге шетелден келетін тауарларды растап, сапасына көз жеткізе отырып сәйкестік сертификатын беретін мамандардың жауапкершілігін арттыру мен жемқорлық тәуекелдерін болдырмау. Ең бастысы, тауардың сапасына кепілдік беретін маманның адам өмірі мен қоршаған орта, басқа да тіршілік иелері алдындағы жауапкершілікті сезінуі, табиғатқа зиян келтірмеу екені жиында баса айтылды.

Университет қабырғасында теориялық білім алып жүрген студенттер үшін тәжірибелі маман Әлия Кемербекқызының ой-пікірлері мен жұмыс барысында бетпе-бет келетін мәселелері туралы сараптамасы өте қызықты болды. Өз кезегінде маман ретінде пайдалы ұсыныстар мен ақыл-кеңестерін ортаға салды. Жиын барысында еліміздегі білім ұйымдарында ISO 37001 жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін енгізудің өзектілігі айтылды.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Бір жыл ішінде қалада мырыш металынан жасалған 12 шақырымға жуық жол қоршауы орнатылды. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев осынау үнемді әрі төзімді материалды белгілер мен жол қоршауларын орнату кезінде пайдалануды тапсырды, соның арқасында магистральды автомобиль жолдарының сыртқы түрі жақсарды.

2023 жылға арналған жол жұмыстары жоспарында «боялған металдан» жасалған құбырлы түрдегі жол қоршауларын мырыштау әдісін қолдана отырып жасалған қоршауларға ауыстыру көзделген. Ағымдағы жол-жөндеу кезінде 12 шақырымға жуық жерге осындай қоршаулар орнатылды. Бұл жұмыстарды келесі маусымда жалғастыру жоспарлануда.

Мырышталған металл қоршау-

ҮНЕМДІ ӘРІ ТӨЗІМДІ

Алматының магистральды автожолдарында жаңа үлгідегі 12 км қоршау орнатылды



КЕРЕК ДЕРЕК

Жыл басынан бері Алматыда 3804 жол белгісі орнатылып, ішінара «мырышталған» белгіге ауыстырылды. 109 көшеде 277,86 мың шаршы метр жолақтар сызылды.

ларды пайдалану магистральды автожолдың түрін ұзақ уақыт бойы (15 және одан да көп жыл) тиісті сақтауға мүмкіндік береді және сәйкесінше жыл сайынғы тоттан тазарту және бояу шығындарын болдырмау арқылы оларға қызмет көрсету шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Жолдарды (жол қоршауларын) абаттандыру элементтерін техникалық жарамды күйде ұстау үшін

жыл сайын оларға техникалық қызмет көрсету, оның ішінде жоспарлы сырлау және жуу жүргізіледі. «Боялған» металдан жасалған құбыр қоршаулары бір жыл ішінде айтарлықтай коррозияға ұшырады. Құрылыс нормаларына сәйкес қоршау беттерін бояу континентальды климат пен жоғары ылғалдылық жағдайында эстетикалық келбетін жиі жоғалтатын бояумен жүзеге асырылды.

жиі түсетін, бүгінде азайды. Көшенің ұзындығы – 2640 м. Бүгінде жұмыстар толығымен аяқталып, осылайша қоғамдық көлік бағыттары қалпына келтірілді. Сондай-ақ, «Қарасу» ықшам-ауданындағы Балқурай көшесінде орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Азаматтарды апта сайын қабылдаудың бірінде көше тұрғындары жолды асфальттау туралы өтінішпен жүгінді. Бұған дейін жол орташа жөндеу бойынша жұмыс жоспарында енгізілмеген еді. Аудан әкімдігінің өтінімімен Алматының қалалық Мобильділік басқармасының мердігер ұйымы көше бойынша жұмыстарды аяқтады.

«Шапағат» ықшам-ауданындағы ұзындығы 6,5 км болатын тағы 7 көшеде жол жөндеу жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Алматы қалалық Мобильділік басқармасының тапсырысымен биыл ауданда ұзындығы 46,5 км 55 көшені орташа жөндеу жоспарланып отыр.

Жоспарланған көшенің бірі Шәріпов көшесі бойынша Райымбек даңғылынан Шұғыла көшесіне дейінгі тротуар абаттандырылып, орташа жөндеді. Бұрын осы көшелерге қатысты тұрғындардан шағым

МОБИЛЬДІЛІК БАСҚАРМАСЫ

Орташа жол жөндеу аяқталды

Бүгінде қаламыздың Алатау ауданында ұзындығы 40 км болатын 48 көшесінде жолдарды орташа жөндеу аяқталды.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

ЖАЙЛЫ ҚАЛА

Наурызбай ауданында кешенді жаяу жүргіншілер аймағы пайда болды

Тұрғындардың тілегі бойынша Алматының Наурызбай ауданының әкімшілік кешенінің бос аумағына «Шұғыла city», «Alem city» ТК баратын жол және 90–100 автокөлік тұратын автотұрақ салынды.

Жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында іске асты, мұндағы жүргіншілер аймағының ұзындығы 400 метр әрі абаттандырылған, орындалғаны:

- ағаштар отырғызылды;
- автоматтандырылған суару жүйесі орнатылды;
- шамдар мен орындықтар қойылды.

Жаяу жүргіншілер аймағының бір бөлігі ауданның кішкентай тұрғындарына арналған. «Балаларға арналған қала» деп аталатын ойын алаңы өрмелеуге арналған әртүрлі элементтерден, үйлерден, тік сырғанақтардан, лабиринттерден, тоннельдерден, құм жәшіктерінен, баспалдақтардан, торлардан және т.б. тұрады.

Ойын аймағында баланың әлеуметтік бейімделуіне жағымды әсер ететін әрі физикалық және акыл-ой дамуына ықпал ететін балалардың көше ойындарына арналған барлық құрылыстар бар.

Айта кетерлігі, бұл шағын-ауданда жалпы саны 7500 адамды құрайтын 40 көпқабатты тұрғын кешені бар.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2023 жылы Наурызбай ауданы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыруға қосымша 875 млн теңге алды.



Осылайша ауданда 2,7 млрд теңгеден астам сомаға 67 жоба іске асырылуда.

Қала әкімі қосымша қаржыландыру туралы шешімді осы бағдарламаның тиімділігі мен қала тұрғындарының оң пікірлерін ескере отырып қабылдады.

Бұдан басқа, 2024 жылға «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын қаржыландыру ұлғайтылады: қаланың 6 ауданына 2 млрд теңгеден және Алатау және Наурызбай аудандары үшін 2,5 млрд теңгеден бөлу жоспарлануда. Қосымша қаражат халықтың ең өзекті және сұранысқа ие жобаларын іске асыруға бағытталатын болады.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ТАЛАПҚА САЙ ЕМЕС

Алматы тауларында заңсыз салынған 20 нысан бұзылады

Қала басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасымен Алматының таулы аймағындағы заңсыз құрылысқа бақылау күшейтілді. Қала құрылысын бақылау басқармасы заң талаптары мен құрылыс нормаларын сақтамай салынып жатқан 52 нысанды анықтады.

Бұл ретте 20 нысанды толық немесе жартылай бұзу, учаскені бастапқы қалпына келтіру және нұсқаманы мәжбүрлеп орындауға қатысты сот шешімі заңды күшіне енді:

1. «Rain Hill» клуб үйі, Бостандық ауданы, Ерменсай ш/а., 7-көше, уч. 8/1 уч.
2. «Швейцария» ТҮК, Бостандық ауданы, «Нұрлытау» ш/а., 1480/1, 1480/10, 1480/8, 1480/6, 1480/23, 1480/22 уч.
3. Тұрғын үй құрылысы, Бостандық ауданы, «Нұрлытау» ш/а., 932/79 уч.
4. Тұрғын үй құрылысы, Медеу ауданы, Нұрмағамбетов көшесі, 374/1.
5. Клуб үйдің құрылысы, Медеу ауданы, Горный гигант ТК, 554.
6. «Domino Life» клуб үйі, Медеу ауданы, Жамақаев көшесі, 308.
7. «Pine Hill Residence» клуб үйі, Медеу ауданы, 2-көше, 33 уч.
8. Тұрғын үй құрылысы, Медеу ауданы, Обсерватория көшесі, 104/4.
9. Тау бөктерін кесу, Медеу ауданы, «Бутаковка» ш/а., 31/1 уч.
10. Тірек қабырғаның құрылысы Медеу ауданы, Шоқай көшесі, 203, 205, 207.
11. «Граф» ТҮК, Бостандық ауданы, «Ремизовка» ш/а., 7-көше, 71,73, 75 уч.
12. «Люксембург» ТҮК, Наурызбай ауданы, «Қарғалы» ш/а., Қали

- Нәдіров көшесі, 71,73,75 уч.
13. ҚФТҮК, Наурызбай ауданы, Кенесары хан көшесі, 98 уч.
14. Тұрғын үй құрылысы, Бостандық ауданы, «Ерменсай» ш/а., Жәңгір хан көшесі, 46.
15. «Rich» клуб үйі, Бостандық ауданы, «Мирас» ш/а., 24/1, 24/2 уч.
16. Бақша үйлері, Бостандық ауданы, Жанару ТК, 556.
17. Клуб үйдің құрылысы, Медеу ауданы, Оспанов көшесі, 87/2, 87/4, 87/5.
18. Тірек қабырға, Медеу ауданы, 2-ші Ладушкин көшесі (Құрмет), 35А.
19. «Француз үйі» ТҮК, Наурызбай ауданы, «Қарағайлы» ш/а., Чапаев ШҚ, 426 уч.
20. «KHAN» клуб үйі, Бостандық ауданы, Витебская көшесі 44/3, 44 А.

Қалған 23 нысан бойынша қазір сот талқылауы өтіп жатыр, 9 нысанға қатысты талап-арыз жазуға бастама көтерілді.

Бетті дайындаған
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



ТАЛАП – БАРШАҒА ОРТАҚ

Туристер мен тұрғындарды жолдарда абай болуға шақырамыз

Алматы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі «Медеу-Шымбұлақ» жолына өткізу режимі бекітілгенін және жаяу жүргіншілер мен автомобильдер қозғалысының шектелгенін хабарлайды.

Ағымдағы жылдың 25 қазанынан бастап «Медеу-Шымбұлақ» жолында осы көктемде құлаған тастардың зардаптарын жою жұмыстары жүргізілген болатын. Осыған байланысты «Медеу-Шымбұлақ» автожолында өткізу режимі бекітілген еді. Жаяу жүргіншілерге жолдан өтуге қатаң тыйым салынады. Сонымен қатар, студенттік соқпақ арқылы жаяу серуендеуге болады.

Электромобиль және такси жүргізушілеріне сағат 09.00-ге дейін және сағат 18.00-ден кейін кіруге рұқсат етіледі. 13.00-ден 14.00-ге дейінгі кезеңде тек техникалық қызметтердің арнайы көлігіне кіруге рұқсат етіледі.

Қозғалысты шектеудің белгіленген кестесі ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін жалғасады. Оның өзгергені туралы қосымша хабарланады.

Жоба аясында тастарды түсіру және кедергілерді тазарту жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстың негізгі түрлері (беткейлерді бұрғылау және нығайту) келесі жылға жоспарланған. Бұдан басқа, 2024 жылдың көктемінде нөсер жүйесін салу және жол төсемін жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Барлық туристер мен тұрғындардан өтуге болатын жолдарда абай болуды сұраймыз.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АЛМАЛАРДЫҢ ПАТШАСЫ

АЛМАТЫНЫҢ АПОРТЫ

ресми түрде қазақстандық брендке айналды

Бұл туралы Әділет министрі Азамат Есқараев мәлімдеді. Үкімет кулуарында журналистер Алматы алмасы әлемдік деңгейде қазақстандық бренд ретінде қашан тіркелетінін сұраған болатын.

Айнабай
МӘДИ

«Елімізде апортқа қатысты географиялық көрсеткішті тіркедік. Апорт – Алматыдан, ол қазақстандық өнім. Географиялық тұрғыдан бұл өнімнің Қазақстанға бекітілгенін қуанышпен айтамын. Бұл мәлімет қазан айында мәлім болды. Қазір апортты халықаралық брендке айналдыру жолында жұмыс жүргізілуде. Осы орайда, тиісті бірлестік Франция, Польша сияқты дамыған елдерге отандық алмаларымызды экспорттау үшін материалдар жіберумен айналысып жатыр», – деп жауап берді министр журналистер қойған сауалға.

Енді сол апорт алмасына сәл кеңірек тоқтала кетелік. Шаһарымыздың рәмізінде алманың бейнеленуі бекер емес. Алма болғанда, анау-мынау емес, Алматының апорты. Ғалымдардың болжамынша, әлімсақтан бергі жағрафиялық атау – таулардың ішінде Тәңіртауды (Алатауды) ең жас тау болып шыққаны бар. Демек, сол жас таудың баурайында, жайқалған желек арасында ісі танауды қытықтаған, дәмі тіл үйірген алманың өскені айдан анық. Адамзат жаратылысы нақ осыны еске салғандай. Аңыз бойынша, Көктегі ұжмақтың төрінен түскен Адам-ата мен Хауа-ананың төменге түсіп, тап осындай тау етегіндегі өскен ісі бүркыраған тәтті жемісті жеп, күнәға батқанына да бей-жай қарауға болмас. Ал атауына қарасаңыз, айтып тұрғандай, «алма». Бұл да болса, түбі бір түркі жұртының бастауы – Қазақтың ненің атын болса да, тап басып танып қоятынын аңғартады емес пе? Аңыз желісі «алма» деп тұр ғой.

Нарттай қызыл жеміс

Алматының апорты – алманың көлемді әрі құнды түрі. Аталған алма түрінің ауасы қоңырсалқын, қысы қысқа мерзімді, жазы жаймашуақ оңтүстік-шығыс белдеуде кең

тарауы табиғаттың таңдауы болар. Қабығы тығыз, сары не жасыл-сары қызыл-қоңыр мөрімен болатын апорттың іші сусымалылығымен, айрықша дәмімен ерекшеленеді. Апорттың кеш пісуінің өзі (қыркүйекте) қыста жақсы сақталуына сеп. Ең танымал апорт бақтары Алматының сыртында орналасқан. Білетін жұрт апорттың ең тәуірі теңіз деңгейінен белгілі бір биіктіктегі тау баурайында өсетінін айтады.

Шыны керек, бүгінде апорт шаһар нарығынан жоғалған. Оның да мәнісі бар, апорт өсірілген жерлер жекешелендіріліп, нарттай қызыл алма ағаш орнын басқа нысандар ауыстырған. Оған қоса, ағаштар ескіріп, жаңа жас алма ағаштары отырғызылмады. 1970 жылдарғы санақ бойынша, елімізде 3 851 193 түп апорт ағашы өсірілген. Бұдан кейінгі санақ көңілге кірбін ұялатады. Мысалы, 1984 жылы Қазақстанда 1 965 795 түп апорт алма өсіріліпті.

Мәліметтерге сүйенсек, кейінгі уақытта Алматы қаласының тұрғындары жылына 13–15 мың тоннадай алма тұтынады екен. Соның ішінде, апорттың үлесі басымдау. Алайда, тіл үйіретін апортымыздың бүгінде сапасы төмендеген, деградацияға ұшыраған. Алматының апортының бүгінгі жайына алаңдаушылық танытып, апорттың жойылып бара жатқан бірнеше сортын әлі күнге дейін сақтап, өсірген ғалым Сәкен Іркітбаевтың сөзіне сүйенгіміз келеді.

Көркейген Алмалықтың көшеті

Ғалымның болжамынша, қаланың аты айтып тұрғанындай, Алматы – ежелден алманың отаны. Бұл жер сан ғасыр бұрын Алмалық атанып, мұнда алманың неше алуан түрі отырғызылған. Тарихтан белгілі жайт, ежелгі «Жібек жолымен» жүрген көпестерге жергілікті тұрғындар аманат айтып, олар әлемнің қай жерінде қандай алма сорты болса, соны алмалылық бағбандарға әкеліп беріп отырған.

Осылайша орыстар келіп қоныстанғанға дейін де ежелгі Алмалық (қазіргі Алматы) алма атаулының отаны атанған. Мұны көне тарих та растай түседі. Ал Алматының апортына келсек, сол жақсы дәстүр жалғасын тауып, 1865 жылы Воронеж губерниясының Егор Редько есімді тұрғыны ежелгі Алмалық қаласына (қазіргі Алматы) қоныс аударғанда өзімен бірге бірсыпыра алма көшеттерін ала келеді.

Сол Алатаудың баурайына өз қолымен еккен алма көшеттері уақыт өте келе, нақтылай айтсақ, 15 жылдан соң алып апорт бағына айналды деген болжам бар. Осының өзі дәл бұл аймақтың апорт алмасын өсіруге өте қолайлы бол-

ғанын айқындайтындай. Бастапқы жеміс берген уақыттың өзінде-ақ салмағы 400 грамдай, дәмі тіл үйірген алма түрі пайда болыпты. Қарапайым орыс жұмығы Егор апорт көшетін сұрап келген тұрғындарға оны өсірудің технологиясын талмай үйретеді.

Міне, осылай, Алматы апортының бағы жанады. Мысалы, 1908 жылы алғаш рет Германияда өткен бау-бақша өнімдерінің көрмесінде көне қала Алмалықта өсірілген апорт алмасы өте жоғары бағаланады. «Мангейм (Германия) қаласындағы көрмеде Алмалықтың апорты өзінің қайталанбас дәмімен, көлемімен бау-бақша ғалымдары мен комиссия мүшелерін қайран қалдырды», – деп көрмеге қатысқан көрнекті биолог-ғалым А.Гагарин өз естелігінде жазба қалдырды.

Теліту тиянақталуға тиіс

Апорттың өзге алма сортынан өзгешелігі сол, басқа алмадай кез келген жерде өспейді. Топырағы шұрайлы тау беткейде, теңіз деңгейінен 900–1200 метр биіктікте жақсы өседі. Мұны бау-бақша зерттеуші ғалымдар да дәлелдейді. «Апортымыздың сапасының төмендеуі мен деградацияға ұшырауына себеп, апорт алмасының азып, қазіргідей күйге түсуінің басты бір себебі, оны жүйесіз көбейтуде жатқаны даусыз. Өйткені, ұластыруға арналған қалемше кез келген ағаштан алынды. Оның алмасы сапалы, дәмі мен иісі сортқа тән, өнімі көп, жан-жақты тексерілген арнайы аналық ағаштардан алу керек еді. Жеміс ағаштарын көбейтудің заңдылығы сондай. Олай болмады. Бірақ осы жағдайды кезінде ешкім ескермеді. «Ештен кеш жақсы» дегендей, енді апорт бақтарына мониторинг жасап, аналық ағаштарды белгілеу қажет», – дегенді ғалым Сәкен Нұрқайырұлы.

Ғалымның болжамынша, жергілікті жабайы алманы апортқа телітуші ретінде пайдалануға болады. Оның да арнайы түрлерін ажыратып алу қажет. Жабайы алманың тұқымын даярлау өз деңгейінде жүргізілмей, сапасы қадағаланбау салдарынан теліту дұрыс іске аспады. Кейінгі кезде телітуші ретінде қытайдың не сібірлік уақ алма ағаштарын қолданды. Әлбетте, бұлар апортқа сай келмеді, бір-бірін бөтенсі бастағаны байқалыпты. Дегенмен, Өсімдік қорғау ғылыми-зерттеу институтында жабайы алманың бірнеше түрі телітуші ретінде зерттелуде.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«ТЕНГРИАДА»

Өтетін орны: Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры (Абылай хан даңғылы, 38-үй).

Күні мен уақыты: 11 қараша, сағат 18.00.



«ҚАЗАҚТАР»

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.

Күні мен уақыты: 11 қараша, сағат 18.30.



«ВИННИ ПУХ»

Өтетін орны: «Тотальды театр» (Шевченко, 114).
Күні мен уақыты: 11 қараша, сағат 12.00 және 16.00.





ӨНЕР

ӘДЕМІ ӘЛЕМ

Алматыда ҚР Суретшілер одағының 90 жылдығына арналған Халықаралық көрме ашылды



Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде ҚР Суретшілер одағының 90 жылдығына арналған Халықаралық мерейтойлық көрме ашылды.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бұл – Қырғызстан, Өзбекстан, Грузия, Әзербайжан, Беларусь, Бурят, Литва, Тәжікстан, Украина, Молдова Суретшілер одағы өкілдерінің қатысуымен ҚР Суретшілер одағының кейінгі жылдары ұйымдастырған Қазақстанның кескіндеме, графика, мүсін және сәндік-қолданбалы өнерінің ең кәсіби форумы.

ҚР Суретшілер одағының Халықаралық мерейтойлық көрмесінде еліміздің әр өңірінен келген кәсіби отандық суретшілердің, сондай-ақ ТМД мемлекеттері шеберлерінің кейінгі екі жыл ішінде орындаған жана туындылары ұсынылды. Бас-аяғы 250-ден астам әр жастағы суретшінің басын біріктірген ғажап көрме Қастеев музейінің кең де жарық бірнеше залын

иемденіпті. Көрмеде заманауи өнердің барлық жанры мен стильдері көрініс тапқан. Дәлірек айтсақ, онда бояуы қанық картиналармен бірге, мүсіндерді де, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын да көре аласыз. «Суретшінің қолы, қиялы және жүрегі бірге жұмыс істесе ғана, тамаша сурет шығады» (Д.Рескин). Біз аралаған көрмеде кілең тамаша туындылар көз қуантты. Айтпақшы, шетел шеберлерінің туындылары көрмеден соң Қастеев музейінің қорында қалады екен.

– Қазақстандық бейнелеу өнері мектебінің дәстүрлеріне келер болсақ, адалдық, қондырғылы өнер, көркемөнер объектілері мен мүсін саласындағы батыл тәжірибелер сыныпшыларға да, көрермендерге де заманауи өнердің алуан түрлілігін бағалауда жаңа серпін береді, – дейді көрме жетекшісі Гүлнар Жұбанязова.

Ал ҚР Суретшілер одағының бақылау-тексеру комиссиясының төрағасы Юрий Маркович бұл айтулы күнге бір жыл дайындалғандарын атап өтті.

– Жұмыстар өте мұқият таңдалды. Тақырыптық тұрғыдан суретшілерге шектеу қойылмады, бірақ уақыт шеңбері белгіленді. Көрмеде кейінгі екі жыл ішінде жасалған туындылар қойылған. Біз суретшілердің заманауи келбетін көргіміз келді. Көрме төріндегі ғажап туындылар өнердің біздің елде қай бағытта дамып жатқанын көрсетеді. Сондай-ақ, біздің мақсат – осындай іс-шаралар арқылы көптің бейнелеу өнеріне деген ықыласын ояту, қолда бар мұраларамызды сақтай білу, еліміздің бейнелеу өнеріндегі жаңа есімдерді дәріптеп отыру, – деді ол.

Халықаралық көрменің ашылу салтанатында оған қойылған туындылардың ішінде үздік деп танылған жұмыстардың авторларына құрмет көрсетіліп, марапатталды.

ҚР Суретшілер одағының 90 жылдығына арналған Халықаралық көрме 7 желтоқсанға дейін жалғасады.



Суреттер: музейдің баспасөз қызметінен.

ТЕАТР



ТҰҢҒЫШБАЙ ЖАМАНҚҰЛОВ

апталығы ұйымдастырылды

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында Тұңғышбай Жаманқұлов апталығы өтіп жатыр.



Досбол
АТАЖАН



7–12 қараша аралығында М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында Қазақстан Республикасының Халық артисі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тұңғышбай Жаманқұловтың 75 жасқа толуына орай өнер майталманының өзі ойнаған және режиссерлігімен қойылған спектакльдер апталығы өтуде.

Шара аясында 7 қараша күні – «Қара» драмасы, ал 8 қараша күні – «Аршын мал алан» мюзиклі сахналанды. Бүгін 9 қараша күні – «Ай мен Айша» драмасы қойылады. Сондай-ақ, 10 қараша – «Томирис» трагедиясы, 11 қараша – «Қазақтар» тарихи драмасы, 12 қараша – «Абылай ханның ақырғы күндері» драмасы көрсетіледі.

Айта кеткен жөн, театрдың Мұражай бөлімінің ұйымдастыруымен көрермендерге Тұңғышбай Жаманқұловтың 75 жылдығына арналған көрме ұсынылды.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«СПАРТАК»

Өтетін орны: Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры (Қабанбай батыр көшесі, 110).

Күні мен уақыты: 12 қараша, сағат 18.00.



«ОСЫ ЕРКІН КӨБЕЛЕКТЕР»

Өтетін орны: «Жас сахна» театры (Абай даңғылы, 117).

Күні мен уақыты: 12 қараша, сағат 18.30.



«ҚЫЗЫЛ РАУШАН»

Өтетін орны: Республика сарайы (Дос-тық даңғылы, 56).

Күні мен уақыты: 12 қараша, сағат 19.00.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



МЕКТЕП АСХАНАСЫ:

ТАМАҚТАНУ САПАСЫНА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ

Арнайы топ мүшелері мектеп асханаларындағы тамақ құрамына баса назар аударды

Мектеп оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамту бізге үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Дәл қазір тегін тамақпен қамтылатын мектеп оқушыларының саны тіпті арта түсуде. Осы уақытқа дейін еліміздің 9 өңірінде әлеуметтік мәртебесіне қарамастан 1–4-сынып оқушылары мектеп асханасынан тегін тамақтанып келсе, бұл қатарда Алматы қаласының да басты орында екені белгілі. Сонымен, осы жылдан бастап әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, Алматы мектептерінің барлық бастауыш сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтыла бастады. Құрамында қоғамдық кеңес мүшелері, БАҚ өкілдері мен Қорғаншылар кеңесінің мүшелері бар арнайы топ Әуезов ауданының мектептерін аралап шықты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Арнайы топ мүшелері мектеп асханаларындағы тамақ сапасы мен құрамына баса назар аударды.

– Кей отбасының бір емес, бірнеше баласы мектепте оқиды. Сондықтан бастауыш сыныпта білім алып жатқан оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуын барлық ата-аналар зор қуанышпен қабылдады. Әдетте, балаларымыздың таңертең асқа аса тәбеті бола бермейді. Ал мектеп асханасында сыныптастарымен ішкен астың дәмі де, жөні де бөлек. Үнемі тоқ жүреді. Балаларымыз күліп келіп, қуанып қайтады. Сондықтан мемлекеттің мұндай қолдауына ата-аналар ерекше қуанып жатыр. Дегенмен, тегін тамақтың екінші жағы болатыны белгілі. Қазір «тегін тамақ талапқа сай ма?», – деген сауал туындап жатыр. Ата-ана ретінде өз басым асханаға кірген бойда балалардың тәбеті ашылып, бір-бірімен жарыса тамақтанып жатқанын байқаймын. Бұл менің осы оқу жылында екі мәрте кезекші болғанда байқағаным, – дейді №27 мектептің ата-анасы Самал Ақжанова.

Балаларға асханадағы тамақтың барлығы ұнайды. Әсіресе, бұға піскен картоп пен котлетті жақсы көретінін айтады. Түрлі көкөністен жасалған салаттардың да дәмі әртүрлі. Оқушылар сүйсіне жейтін көрінеді.

Жалпы, мектеп асханасында дайындалатын ас мәзірінің құрамы да, құнары да өзгеше. Шыны керек, мұнда көбіне үй жағдайында майлы, қуырылған ас ішетін балалардың ағзасы бір сәтке болсын жеңіл тағамдармен қоректеніп жатады. Қазір қала көлеміндегі мектеп асханалары оқушыларды Тағамтану академиясы бекіткен ас мәзірі бойынша тамақтандырып жатыр. Ең бастысы, дайындалатын тағамдардың құрамы дәмді, қоректік қуаты мол, денсаулыққа қауіпсіз, экологиялық таза болуы шарт. Мұндағы тағамның құрамы күнделікті энергия қажеттілігінің үштен бірін қамтиды.

Сонымен қатар, тағам құрамында ақуыз, май, көмірсуларының болуы да басты талаптың бірі. Әдетте, балалардың жан-жақты, дені сау ұрпақ болып қалыптасуы мен ойын-дампын, бойынның өсуіне түрлі дәрумен-



дердің маңызы зор. Бұған қоса, түрлі аурудың алдын алу үшін дәруменге бай, майы аз, тірі пробиотиктері бар сүт өнімдерін де ас мәзіріне қосу керек. Мектеп рационнда көкөніс, жеміс-жидектің де көбірек болғаны маңызды. Мектеп асханаларында әзірленетін тағамдардың құрамында кант, тұз, май сияқты тағамдарды аз қолдану да басты назарда көрінеді. Медбикелердің айтуынша, бұл тағамдарды шамадан тыс тұтыну кант диабеті, гипертония, бауыр, ми ауруларына соқтырады. Мектеп асханалары әзірлейтін ас мәзірі әртүрлі. Күнде бір тағам қайталанбайды.

Мәселен, палау мен салат, картоп пен котлет, ет пен макоронды балалар сүйсіне жейді. Кептірілген жемістен қайнатылған кампот, түрлі кисель беріледі. Апта сайын сиыр, тауық еттерінен жасалған котлет, балық беріледі. Жалпы, ас мәзірі апта сайын өзгеріп отырады. Барлық тағамды суға, бұға пісіреді. Балаларға майға қуырылған тағамдар берілмейді. Баланың ағзасына сіңімді, пайдалы, жеңіл әрі қоректі тағамдарды мейлінше молынан қамтылады. Жыл бойы қызанақ, қияр, қырыққабат, алма, йогурт, дәруменге бай көк шөптер үзілмейді. Тағамтану академиясы бекіткен ас мәзірі арнайы топ мүшелерінің де ойынан шықты. Осы күні арнайы топ мүшелері аудандағы №27, 121, 130 мектеп асханаларын аралады.

Ведомствоаралық
сараптама тобы құрылады

Қазір мектеп асханасындағы оқушыларға берілетін ыстық тамақтың құрамы мен сапасы туралы көп айтылып жатқанына қарамастан, күні кеше Жамбыл облысында төтенше жағдай орын алды. Бір мектептің 44 оқушысы мен екі мұғалім астан уланып, ауруханаға түсті. Бұл оқыс оқиға баршамыздың жауапкершілігімізді күшейте түскендей. Осыған орай «Алматы Дарыны» орталығында кеңейтілген жиын өтіп, шарттық талаптарға сәйкес тамақтану сапасын бақылау үшін барлық мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялар құрылды. Оның құрамына медицина қызметкерлері, мектеп әкімшілігі және ата-аналар қоғамының өкілдері (қамқоршылық кеңес) кірді.

Сонымен, жаңадан құрылған арнайы топ

мүшелері тамақтанудың нормалар мен стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін орта білім беру ұйымдарына бару және талдау сияқты маңызды функцияларды орындайтын болады.

Тамақтану сапасын қамтамасыз етудің тағы бір маңызды аспектісі – қаланың барлық мектептері үшін орталықтан бекітілген тамақ мәзірі. Бұл мәзір тамақтану нормаларын, Қазақ тамақтану академиясының ұсыныстарын, маусымдық және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленгені белгілі. Мектеп мәзірі туралы нақты ақпарат ашықтық пен қолжетімділік үшін Білім басқармасының және білім беру ұйымдарының интернет-ресурстарында жарияланады.

Бұл ретте мектеп асханаларындағы тегін тамақтың құнын бақылау да қатаң назарда болады. Мәселен, дәл қазір мемлекеттік орта білім беру мекемелерінде білім алушылар үшін тегін тамақтанудың орташа құны 2022 жылы 600 теңгеден 2023 жылы 830 теңгеге дейін ұлғайтылды. Тамақ бағасының бұлайша өсуі балаларға түрлі табиғи өнімдермен сапалы тамақтануға мүмкіндік береді.

Қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаеваның айтуынша, 2023 жылға жалпы білім беру қорының бюджет қаражаты есебінен 1–4-сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз етуге 18,6 млрд теңге және ХӨӨТ санатынан 5–11-сыныптардың оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз етуге 1,8 млрд теңге (9 мың оқушы үшін) көзделген. Қазіргі таңда Алматы қаласы бойынша тегін тамақтануға арналған жалпы бюджет 20,4 млрд теңгені құрап отыр.

Сонымен қатар, арнайы құрылған топ мүшелері тамақтану сапасына қатысты өтініштер мен шағымдар болған жағдайда, ведомствоаралық сараптама тобы (ВСТ) мектептерде тамақтануды ұйымдастыруды жақсарту үшін қосымша тексерулер мен іс-шаралар жүргізеді. Бұл өз кезегінде бақылауды қамтамасыз етіп, мекемелерді сапа стандарттарын сақтауға және оқушылардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз етуге ынталандырады. Жалпы, Алматы қаласының мемлекеттік білім беру мекемелерінде тамақтану сапасын бақылау және қамтамасыз ету жүйесі балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен болашағына қамқорлық жасауда шешуші рөл атқарады. Оқушылардың тамақтануын бақылау және қадағалау жоғары

стандарттарға қол жеткізумен қатар, болашақ ұрпаққа қамқорлықты көрсетеді.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу Ережелеріне» сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен, бұдан әрі – Тамақ сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топтар (бұдан әрі – ВСТ) құрылады.

Қазіргі уақытта тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптама тобының Ережесі Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 12 қыркүйектегі №3/487 қаулысымен бекітіліп, мониторинг Актісімен ұсынымдар әзірленді.

Ережеге сәйкес ВСТ (ведомствоаралық сараптамалық топ) құрамын Алматы қаласының мәслихаты бекітеді және ВСТ қызметінің тиімділігі мақсатында «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 12-тармағына сәйкес құрамы төрағадан: Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Нүсіпова, төрағаның орынбасарынан: Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Л.Жылқыбаева, топ мүшелерінен, өкілдері: мәслихат депутаттары, білім саласындағы бақылау департаменті, аудан әкімдері, Қазақ тамақтану академиясы, ата-аналар жұртшылығы, колледждер қызметкерлері, Алматы қаласының қоғамдық кеңесі, Алматы қаласының қоғамдық кеңесі және азаматтық қоғам сарапшыларынан құрылады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Толкын ХОДЖАНОВА,
№121 мектеп директоры:Жұмыс тәртібі
үнемі қадағаланады

– Ең бастысы, баланың өмір қауіпсіздігі болғандықтан, әркез асхана жұмысын қадағалап отырамын. Бізде асхана қызметкерлерінің денсаулық жағдайын бақылап, тексеріп отыратын журнал бар. Оны мектеп медбикесі жүргізіп отырады. Жалпы, асханадағы жұмыс тәртібі осылай басталады. Мәселен, мұнда асхана қызметкерлерінің денсаулығы, күнделікті дене қызуына дейін жазылған. Асханадағы тазалық жұмыстарының жүргізілуі туралы дәптер, тоңазытқыш жабдықтарының температурасын тіркеу, тез бұзылатын азық-түліктерге арналған брокираж журналы бар. Жалпы, мектеп асханасында әзірленетін ас мәзірін өзім бастап, медбике, қамқоршылар кеңесінің мүшелері, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог барлығымыз қадағалап отырамыз. Тағамның сапасын қадағалайтын мониторинг топ осы дәптерді күн сайын жүргізіп отырады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.



ИННОВАЦИЯ

БІРЕГЕЙ ОТАҒА РОБОТ КӨМЕКТЕСТІ

Алматыдағы №4 қалалық клиникалық ауруханасының мамандары роботтың көмегімен елімізде тұңғыш рет ортопедиялық операция жасады

Бұл күн Қазақстанның медициналық тәжірибесінде айтулы сәт болып қалды.

Ортопедия саласының танымал маманы Мирамбек Жұмағұловтың жетекшілігімен және Приоров атындағы Ғылыми-медициналық зерттеу орталығы (Мәскеу) маманы Алексей Шумскийдің қатысуымен, жалпы тізе мен жамбас буындарын эндопротездеу, сондай-ақ тізе буынын бір айдаршықты протездеуді қамтитын алғашқы операциялар жасалды.

Роботты пайдаланған кезде емдеу әр науқасқа жеке тәсіл принципі бойынша жүргізіледі. Робот операцияға дейін импланттың оңтайлы өлшемін және оны орнатудың нақты орнын таңдай отырып, жасанды буынның дәл 3D жоспарлауын орындайды.

«Қарашаның 3-і мен 7-сі аралығында біз Қазақстанда роботтың көмегімен тізе және жамбас буындарын ауыстыру бойынша алғашқы операцияларды жасадық. Біз эндопротездеуге мұқтаж 9 науқасты таңдадық. Үміткерлерді мұқият іріктеу бірнеше ай бойы жүргізілді. Дәрігерлер консилиумы өтіп, жасанды буынды дәл 3D-жоспарлау үшін КТ зерттеудің цифрлық нәтижелері АҚШ мамандарына жіберілді. Роботты қолданудың арқасында операция дәл жоспарланғандай – 1 мм-ден аз қателікпен жүзеге асырылады. Сондай-



ақ жұмсақ тіндердің жақсырақ сақталуы қамтамасыз етіліп, байлам аппаратының оңтайлы тепе-теңдігіне қол жеткізіледі», – дейді №4 қалалық клиникалық ауруханасы хирургия бөлімшесінің меңгерушісі Мирамбек Жұмағұлов.

Stryker компаниясы ұсынған Мако технологиясы дәлірек және болжамды хирургиялық нәтиже береді, отадан кейін қалпына келу уақытын қысқартады және протездің қызмет ету мерзімін едәуір ұзарта-

ды. Ал бұрын осы Мако технологиясымен тотальды эндопротездеу жасатқан науқастар әдеттегі қалыпты, белсенді өмір сүру салтына тез оралғандарын айтқан.

«Бұл технология дамыған елдерде танымал. Оны АҚШ, Канада, Жапония және Кореяның жетекші клиникаларында қолданып келеді. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен біз бүгін Қазақстанда роботтың көмегімен тізе және жамбас буындарын ауыстыру алғашқы оталарын жаса-

дық. Бұл – инновациялық ортопедия үшін әрі травматологиялық-ортопедиялық көмекті жетілдірудің жаңа кезеңі. Мұндай операцияны қажет ететін науқас саны жыл сайын артып келеді. Мәселен, биылғы 10 айда біздің ауруханада бір жарым мыңнан астам буын ауыстыру отасы жасалды. Біздің мақсатымыз – қызметімізді жетілдіріп, сапалы медициналық көмек көрсету», – дейді Алматы №4 ҚКП директоры, м.ғ.к., MBA, DBA, профессор Біржан Досмаилов.

№4 ҚКА – шұғыл және жоспарлы негізде мамандандырылған, жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін көпбейінді клиника. Бұл медициналық мекемеде 2012 жылы пациенттерге жамбас, тізе, иық, шынтақ буындарын ауыстыру бойынша көмек көрсетілетін. Сонымен қатар, аяқ-қолдың ірі буындарындағы эндопротезді толық және жартылай ауыстыруды жүзеге асыратын мамандандырылған эндопротездеу бөлімшесі ашылған.

Жалпы, эндопротездеу тәжірибесі 1975 жылы Чулуло Анатолий Николаевичтің №4 ҚКА-да жамбас буынын бір полюсты эндопротездеу операциясын жасаған кезден бастау алады. Осы жылдар ішінде 20000-нан астам пациентке буын ауыстыру операциясы жасалған. Ал 2022 жылы №4 ауруханада 1648 эндопротездеу операциясы жасалған болса, биыл жыл басынан бері 1526 буын ауыстыру отасы жүзеге асқан.

МӘМС

Пациент талма ауруынан айықты



Орталық қалалық клиникалық аурухана нейрохирургтары алғаш рет фармакорезистенттік эпилепсиясы бар науқасқа өте күрделі ота жасады, яғни «мидың самай бөлігінің резекциясымен сол жақ амигдалоhipпокампэктомиясы».

35 жастағы науқас аталған дертпен 20 жасынан ауырған. Кейінгі уақытта оған ұстамаға қарсы препараттар көмектеспеген. Жағдайдың ушыққаны соншалық, ұстама

ауруы тоқтамастан бірінен соң бірі қайталанатын болған.

Дәрігерлер барлық қажетті тексеру жүргізген. МРТ науқастың миының сол жақ самай бөлігінен эпилептиформды белсенділік ошағын анықтады.

Нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Марат Алматов Новосибирсктен келген нейрохирург Александр Дмитриевпен бірлесе отырып, «шеберлік сыныбы» аясында, нейронавигация және ми қыртысын тікелей жазу арқылы электрокортикография көмегімен науқастың сол жақ гиппокамптың микрохирургиялық жолмен алып тастау операциясын жасады.

«Диаметрі 3*3 см болатын үлкен оң жақ маңдай бөлігіндегі эпилептогенді ошақты алып тастадық. Ота науқаста неврологиялық жетіспеушілік туындапмай, сәтті өтті. Отадан кейін науқаста эпилептикалық ұстама тіркелмеді. Жасалған операция науқастың өмір сүру сапасын жақсарттады деп үміттенеміз», – дейді Марат Алматов.

Миға ота жасау, жалпы кез келген хирургиялық қадам өте күрделі шешім екені белгілі. Мұндай ота кезінде әрқашан да тәу-келге бел буып, жұмысты үлкен жауапкершілікпен және асқан сақтықпен жасау қажет.

Алматовтың айтуынша, эпилепсия – кеңінен тараған және өте күрделі неврологиялық ауру, ол ми бөліктеріне үлкен зақым келтіреді. Ауру патогенезі мидың нейрондарында ұстаманы тудыратын пароксизмальды разрядтарға негізделген.

Аурудың себебі толығымен әлі зерттелмеген, эпилепсия туа біткен болуы мүмкін, ми құрылымындағы өзгерістерге негізделуі немесе кез келген бас-ми жарақатынан соң пайда болуы да мүмкін.

Аталған ота пациентке МӘМС шеңберінде жасалды.

МАМАН КЕҢЕСІ

ШӨЛ ҚЫСУ, АУЫЗ ҚҰРҒАУ

қант диабетінің белгісі болуы мүмкін

Дәрігерге уақытылы қаралып емделмеген аурудың бәрі қауіпті. Оның ішінде қант диабеті де бар. Жылда 14 қарашада Дүниежүзілік қант диабетімен күрес күні аталып өтеді. Осы орайда №7 қалалық клиникалық аурухана емханасының эндокринолог-дәрігері Айдана Жолдасова не дейді?

Қант диабеті – бұл инсулин гормонының жеткіліксіздігімен, сондай-ақ барлық зат алмасудың бұзылуымен сипатталатын зат алмасу аурушандығы. Қант диабетіне әкеп соқтыратын факторлар: дененің артық салмағы (семіздік), әсіресе, абдоминальды семіздік (ер адамның белінің көлемі 102 см және одан да жоғары; әйел белінің көлемі 88 см және одан да жоғары болуы); артериалдық гипертензия (қан қысымы 140/90 мм.рт.ст. және одан жоғары); жақын туыстарда (ана, әке, аға, әпке-де) қант диабетінің болуы; физикалық белсенділіктің төмендігі; қандағы «мықты» холестериннің төменгі деңгейі (ЛПВП 0,9 ммоль/л-ден кем) және триглицеридтің жоғары деңгейі (2,82 ммоль/л және одан жоғары); жүктілік кезіндегі қандағы қанттың жоғары деңгейде болуы, баланың 4 кг-дан артық туылуы.

Ал қант диабетінің симптомдары: үнемі шөлдеу, ауыздың құрғап кетуі; несептің жиі шығуы; қатты шаршау, әлсіздік; салмақ жоғалту, кейде табеттің көтерілуі;

ер адамдағы эрекцияның төмендеуі; қабынушылық үрдістер, терідегі тырнақ ізі, тез жазылмайтын жаралар, тыртықтар.

Егер сізде осы қауіпті факторлардың біреуі немесе бірнешеуі байқалса, глюкозаға қан тапсырғаныңыз дұрыс.

Диабетті уақытында анықтамау немесе емделмеудің соңы жақсы болмайды. Атап айтқанда, жүрек-тамыр жүйесі зақымданады (миокард инфаркті және ми инсульты); көру қабілеті төмендейді (соқырлыққа дейін апаруы мүмкін); бүйрек жеткіліксіздігі; жүйке жүйесінің зақымдануы; гангрена, аяқты кесу.

Егер диабет алдындағы белгілер пайда болса немесе осы диагноз нақты қойылған жағдайда: қандағы глюкозаның деңгейін үнемі бақылап отыру (оның ішінде глюкометтің көмегімен өз бетіңізше); қант және майды тұтынуды шектеу; дәрігеріңіз ұсынған дәрілерді уақытылы ішіп жүру қажет.

КЕРЕК КЕҢЕС

ЕМДЕУ ӘДІСТЕРІ
2 типтегі КД – ұзақ және табанды терапияны талап ететін ауру:
– препараттарды қабылдау;
– диета;
– өмір салтын өзгерту.
2 типтегі қант диабетін тиімді емдеу тек қант диабетінің өзімен ғана емес, сонымен қатар ілеспелі аурулармен күресті білдіреді, олар: семіздік; гипертензия; ангиопатия; нейропатия; депрессия.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

Зиялының сөзі

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ, алаштанушы, ҚР ҰҒА академигі



Өткен аптада таныс биолог ғалым мен бір жас журналист хабарласып, соңғы уақыттағы сәбилер есіміне қатысты ойымызды сұрады. Профессордың күйеу баласы мен қызы перзентіне (яғни биологтің жиеніне) «Аза» деген есімді тандапты. «Бұл арабта киік пе, қарақұйрық па, лағының атауы екен. Бірақ маған біртүрлі ұнамай тұр. Пікіріңізді білейін деп едім...» деді. Біз де салған жерден: «Ойыңыз дұрыс. Қазір некролог «азанама» деп аударылады. Өлім-жітімде «азалы күй», «аза тұту» деп жатамыз. Оның үстіне киіктің лағы керек болса, оны қазекен «құралай» дейді. Араб тілін, ұғымын сыйлаймыз, бірақ мына есімді қоймаған жөн» дедік.

МАСС-МЕДИА

БАҚ атауы өзгере ме?

Елімізде «Масс-медиа туралы» жаңа заң жобасы әзірленді

Бұл қолданыстағы «БАҚ туралы» заңның орнын ауыстыра ма? Мәдениет және ақпарат министрлігі не дейді? «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодекске масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы пайда болды. Құжатта «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодекстің бірқатар баптарына өзгеріс пен толықтырулар енгізіліп, «БАҚ» термині «масс-медиа» деген терминмен ауыстырылды.

Мәдениет министрлігі мәліметінше, заң жобасын әзірлеу аясында Қылмыстық кодекске «масс-медиа» ұғымын енгізуге байланысты ұқсас түзетулер енгізу жұмыстары жүргізілуде. Министрлік өкілдері жаңа заң қабылданғаннан кейін «БАҚ» ұғымынан бас тартыла ма?» деген сұраққа да жауап бере кетті. «Масс-медиа туралы» жаңа заң қабылданғаннан кейін елімізде «БАҚ» және «масс-медиа» терминдері қатар қолданылады», — деп хабарлады Мәдениет министрлігі Tengrinews.kz сайтының ресми сауалына берген жауабында.

Елімізде БАҚ жұмысын реттейтін жаңа заңда масс-медиа, масс-медиа өнімдері (мәселен, баспа басылымының, аудио немесе бейне нөмірінің таралымы, интернет-ресурста орналастырылған ақпарат), бұқаралық ақпарат құралдары, БАҚ өнімдері сияқты ұғымдар жазылады. Айта кетерлігі, әлеуметтік желілер бұқаралық ақпарат құралдары санатына жатпайды. Себебі, елімізде әлеуметтік желілер жұмысын реттейтін «Онлайн платформалар және онлайн-жарнама туралы» жеке заң бар. Демек, блогер өзінің әлеуметтік желідегі аккаунты «БАҚ қызметін атқарады» деп айта алмайды.

А. ҚЫДЫР.

«ҰЛТТЫҚ АТЫ-ЖӨН ТУРАЛЫ» ЗАҢ ҚАЖЕТ


Журналист осы күні рейтингі жоғары Имран, Саид, Айлин, Айлана, Медина, София, т.б. ныспылары туралы сұрады. Бұл азаматқа: «Сүре атауынан бастап ақсүйек тегіне дейінгі араб сөздерінің тарихымызда, әрине, орны бар. Алайда, бұған дейін Сейіт, Мәдина, т.б. деп жүрсек, енді неге қазақ тілі заңдылығын аяққа таптауға жол бердік? Ал Ымыранға келсек, дәл осы негіз-нұсқадағы фамилия қазақта ілуде бір ұшырасады. Соңғы уақытта бізге «кино арқылы енген сәби есімдері», өкінішке қарай, әсіре еліктеуден туғаны рас. Бірақ жаппай қойыла бастауы ұлттық дәстүр мен мәдениеттің әлсіреуінен» деп жауап қаттық.

Тарихқа шегініс жасайық.

1914 жылы Петерборда Мұсылман съезі өтеді. Күн тәртібіндегі бір өткір мәселе — түркі мұсылмандарының ортақ ресми тілі. Сол жиында Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан Абайдан Мағжанға дейінгі ақындар өлеңінен мысал келтіріп: «Табиғи заңдылығын сақтаған осы кестелі тілімізді қалайша ағайындарымыздың әсіре арабтанған, парсыланған жазба тіліне айырбастаймыз?» деп жүйелі, қағидатты пікір айтады.

Сәл кейінірек башқұрттың даңқты қайраткері, ғалымы Зәки Уәлиди Тоған: «Егер Ресей түркі мұсылмандары ортақ тілге көшуі керек болса, біз ондай мәртебеге табиғи таза қалпын сақтаған қазақ тілін ұсынамыз» деп жазды.

Әлбетте, қазір ономастика, ономатика, ономотология саласының нысаны күрделеніп тұр. Еліктеу-солықтау әсерінен Ауропа есімдері есіктен де, тесіктен де жадағай еніп жатқаны мәлім. Кеңестік «-ов/-ева, -ович/-евна, -ин/-ина» жыры тағы да белгілі. Бұл мәселені мемлекеттік деңгейде реттеу үшін «Ұлттық аты-жөн туралы» заң ауадай қажет. Жыл сайын тамыз айында «Егемен



Qazaqstan» газетіне жарияланатын жоғары білім грантын жеңіп алған 17-18-дегі жас талаптардың тізіміне қарап-ақ Тәуелсіздік жылдардың «аты-жөн жетістігіне» баға беруге болады. Сауатты, дәстүрлі аты-жөн жоқ емес (білікті, намысты ата-анасына рахмет!), бірақ ол 12–15 пайыздан аспайды. Мұны ата-ана қауымына ойлану үшін айттық!

Қазақ тілі заңдылығын бұзып-жарып, нақтырақ айтсақ, аяққа таптап енген «сәби есімдері» нені көрсетеді?

Біріншіден, жастар елімізде бұрыннан қалыптасқан дәстүрді тәрк етіп, ата-анасынан немересіне немесе жиеніне ат қойып беруді сұрамайды. Екіншіден, жастар түгіл сол ата-ананың көбі ұлттық дәстүрдің айнасы —

ежелгі рухани мұраны, фольклорды, көркем әдебиетті оқымайды. Үшіншіден, жасы 20–30-дағы азаматтар арасында ұлттық құндылыққа деген сенім, қағидат азайған. Бәрі есім мағынасын (этимология) гугл-сөздіктен біліп, «Мұның несі жаман?» деген таныммен өмір сүріп жатыр. Төртіншіден, бұл осы мәселені жүйелі, сауатты шешуді талап етеді. Ол үшін ұлттық аты-жөн (фамилия, есім) жазылуының бірізді, нормаланған стандарты бекітіліп, оны Азаматтық хал актілерін жазу мен тіркеу мекемелері басшылыққа алуы қажет.

(Дереккөз: автордың facebook-тегі парақшасынан алынды. Сурет авторы Толқын Табысбек).

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ӨМІРДІҢ ӨЗІ – ФОЛЬКЛОР

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Фольклортану бөлімінің ұйымдастыруымен «Қазіргі қазақ руханиятындағы фольклордың рөлі» атты «дөңгелек үстел» өтті.



Олжас Жолдыбай



Іс-шараны М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры, филология ғылымының докторы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Кенжехан Матыжанов жүргізді. Жиынды ұйымдастырған фольклортанушылар — Дүйсенгүл Жақан, Насихат Набиолла, Ақбота Қайратқызы. Ғылыми жиынға әдебиеттанушы-ғалымдар, өнер зерттеушілері, жас ғалымдар қатысты.

«Дөңгелек үстелде» Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің оқытушысы, филология ғылымының кандидаты С.Дәрібайұлы жоғары оқу орындарындағы фольклорды оқытуда кездесетін кейбір мәселелер туралы тоқталып, өз ұсыныстарын ортаға салды.

Институттың Театр және кинотану бөлімінің меңгерушісі, өнертану кандидаты, доцент А.Мұқан бүгінгі театрларда жүріп жатқан спектакльдер мен әр жылдары өтіп тұратын театр фестивалдарындағы қойылымдардың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы өз ойымен бөлісті.



«Дөңгелек үстел» барысында сала мамандары руханияттың алтын қазығы саналатын фольклордың өнердің әр саласындағы (әдебиет, музыка, кино, театр, бейнелеу өнері, мультфильм, интернет желісінде) жаңғыру үрдісінің

қалай жүріп жатқанын нақтылы мысалдармен көрсетіп берді.

Басқосуда, сондай-ақ, балалар ойындары, олардың педагогикасы, психологиясы, электронды ойындар және өзге де тақырыптар көтерілді.

— Фольклор — халық даналығы дегенді білдіреді. Оның бірнеше ғана анықтауыш тетігі болады. Яғни көп нұсқалығы, авторының болмауы, ауыздан-ауызға таралуы және т.б. Бір ғана детальға көңіл бөлейік, ол қазақтың мақал-мәтелі небәрі 3,5 мың төңірегінде, ал орыс халқы 35 мыңнан артығын жинаған. Сондай-ақ, шакіртім Олжас Түркиядан «Файк-фольклор» деген кітап алып келді. Сырт жатқа әртүрлі жаңалықтар кездеседі, одан да қалыс қалмау керек. Сонымен қоса, фольклор — сұрып, өнер, музыка, шешендік сөздер, эпос, аңыз-әңгіме, негізгісі ұлттық болмыстың нағыз өзегі, — деді фольклортанушы ғалым Кенжехан Исламжанұлы.



ҰЛТТЫҚ ЖОБА



«ҚОЛЖЕТІМДІ ИНТЕРНЕТ»

республикалық және негізгі облыстық автожолдар цифрлық инфрақұрылым арқылы мобильді интернетпен қамтылмақ

Үкімет «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын бекітті. Премьер-Министр Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойды. Ұлттық жоба Мемлекет басшысының республиканың интернет саласын дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында қабылданды. Оның негізгі мақсаты – халықты жылдамдығы кемінде 100 Мбит/с кең жолақты интернетпен қамту.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы 2024 жылдан бастап 2027 жылға дейінгі кезеңді қамтиды және оны іске асыруға 1,5 трлн теңгеден астам қаражат көзделген. Айта кету керек, бұл соманың көлемді бөлігі, яғни 1,3 трлн теңгеден астамы – бюджеттен тыс қаражат. Жоба аясында айтарлықтай қаражат сымды және сымсыз байланыс инфрақұрылымын дамытуға бағытталатын болады. Ауылдық жерлерде талшықты-оптикалық байланыс желілерінің тармақталған жүйесін салуға баса назар аударылмақ. Мәселен, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тегі арқылы 3 мыңнан астам ауылда тиісті байланыс желілерін монтаждау жоспарланып отыр.

Ұлттық жоба аясында республикалық және негізгі облыстық автожолдарды мобильді интернетпен қамту үшін цифрлық инфрақұрылым салу жоспарланған. Атап айтқанда, 487 антенна-дінгек құрылысын орнату жоспарланып отыр. Бұл 17 мың шақырым автожолды мобильді интернетпен қамтуға мүмкіндік береді. Тағы бір бағыт 5G желісін одан әрі өрістету болмақ. Бүгінгі таңда 605 базалық станция орнатылған. 2025 жылдың соңына дейін 5G технологиясын республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарының барлығына енгізу жоспарланып отыр. Осы жұмыс аясындағы байланыс операторларының инвестициялары шамамен 300 млрд теңгені құрайды.

Ұлттық жоба аясында ірі деректер орталықтарын және трансшекаралық талшықты-оптикалық магистральдарды салу бойынша шаралар жоспарланған. Сондай-ақ, республикаға жетекші халықаралық IT-компанияларды тарту үшін заңнаманы өзектендіру қажет. Жалпы, ұлттық жобаны іске асыру 2027 жылға дейін қазақстандықтарды жылдамдығы жоғары интернетпен қамту деңгейін 100%-ға дейін жеткізуге және елдің өңірдегі цифрлық хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

5 G ТЕХНОЛОГИЯСЫ

STARLINK

жоғары жылдамдық

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин бүгінде Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында байланыс операторларының 800-ден астам 5G базалық стансасы орнатылғанын мәлімдеді.



техникалық қызмет көрсету жүзеге асырылатын болады.

Жаңа технологияны енгізуді жеделдету үшін байланыс стансаларын іске қосу мерзіміне айтарлықтай әсер ететін реттеуші бірқатар кедергілерді жою қажет. Бұл жабдықты монтаждау рәсімдерін жеңілдетуге, санитариялық ережелерді халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге, жер телімдерін уақытлы беруге және т.б. қатысты. Әлихан Смайылов Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарында 5G желісін енгізу жұмыстары 2025 жылдың соңына дейін аяқталуы тиіс екенін еске салды. Осыған байланысты Премьер-министр артық әкімшілік кедергілерді жедел жойып, халықты сапалы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету қажеттігін баса айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөздер: primeminister.kz; ortcom.kz).

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙМАҚ

ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПАРКІНДЕ
2025 жылға дейін 4 жоба, 417 жұмыс орны ашылады

Арнайы экономикалық аймақ құрып, кластерлік дамуды қолға алған қаламыздағы инновациялық паркке бір жыл көлемінде құйылған инвестиция – 50 млрд теңге. Инновациялық технологиялар паркінде электроникалық, телекоммуникациялық жабдықтар жасалады. Мұнда технологиялық тұрғыда мұнай, газ бен жаңартылған энергия көздері қамтылады.

Айнабай
Мәди

Арнайы экономикалық аймақтағы көп компанияның бірі – газ, су, жылу және электр энергиясы есептеуіштерінің өндірісі. Өзін-өзі қамтып отырған кешен бүгінде өлшеуіш құралдарды шығарып, ел аумағында қызмет көрсетеді.

«2,5 млрд теңге бюджеттің көлемінде жұмыс атқарылды. Соның ішінде, біздің өзіміздің жалпы өніміміз 1,5 млрд теңге болады. Жыл соңына дейін 2,5 млрд теңге жұмыс көзделуде. Келер жылдың ортасына таман барлық есептеуішті 100 пайызға қазақстандық өнім етіп шығаруды қолға алып отырмыз», – деді есептеуіш құрылғылар компаниясы

сату бөлімінің басшысы Бекбол Егізбаев.

Отандық нарыққа жылына 200 мыңға тарта өнім өндіретін компания қазақстандық тауарды алыс-жақын шетелге экспорттауды қолға алыпты. «Егер өндіріс ошағы артса, жұмыс қуаттылығы да еселеп өсер еді» дейді автоматтандырылған желімен жұмыс істейтін мамандар. Оның да жөні бар, небары жүз қаралы адам шетелдік сұранысты айтпағанда, ішкі нарықтың 30 пайызын ғана қамти алады.

«ID TV, цифрлық теледидарда қолданылады. Коммутатор, интернет, Wi-Fi модем, байланыс саласында көп қолданылады. Өз өнімдерімізді Орталық Азия, Иран, Үндістан, Өзбекстан, елдеріне экспорттаймыз. Олар – коммута-

БРИФИНГ

«РЕСПОНДЕНТТІҢ КАБИНЕТІ»

арқылы да статистикалық деректер жинау
жұмысы жеңілдеді

Жыл сайын 8 қарашада статистика органдарының қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесі – Статистика күнін атап өтеді. Биыл Қазақстан статистикасына – 103 жыл. Кәсіби мерекеге орай Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингке ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы департаменті басшысының орынбасары Талғат Мұхаметқазиев қатысты.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Атап өтетін жайт, мереке күні ретінде 8 қарашаның белгілену себебі – дәл осы күні 1920 жылы Қазақ КСР-де статистика қызметі құрылды. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» Заңына сәйкес, статистикалық қызмет – осы қызметті жоспарлауды, статистикалық әдіснаманы әзірлеуді, статистикалық байқау жүргізуді, алғашқы статистикалық және әкімшілік деректерді өңдеуді, қорғау мен сақтауды, статистикалық ақпаратты қалыптастыру мен таратуды қамтитын процесс.

«Кейінгі жылдары елімізде статистикалық мәліметтерге деген қызығушылық айтарлықтай өсті. Статистикалық ақпаратты пайдаланушылар шеңбері тұрақты түрде кеңейіп келеді. Бүгінде мемлекеттік органдар, қоғам қайраткерлері, іскер топтар, ғылыми қызметкерлер, сондай-ақ студенттер мен оқушылар қоғамдық өмірдің әртүрлі аспектілері туралы өзекті және объективті ақпарат алуға мүдделі», – дейді Талғат Мұхаметқазиев.

Мұндай ақпараттардың негізгі көзі – мемлекеттік статистика. Оның жұмысының маңызды қағидаттарының бірі – пайдаланушылардың ресми статистикалық ақпаратқа тең қол жеткізуін

қамтамасыз ету. Департамент үшін қоғамның, мемлекеттің және халықаралық қоғамдастықтың объективті сапалы және өзекті статистикалық ақпаратқа қажеттіліктерін қанағаттандыру – бірінші кезектегі міндет. Жиналған статистикалық деректер мемлекеттік, бизнес шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, біз елдің және әлемнің экономикалық және саяси қызметінің, қазіргі адамзат қоғамының қалай дамып жатқанын байқай аламыз.

«Статистикалық ақпаратты өндіру үшін біздің департамент 100 мыңнан астам заңды тұлғадан, филиалдар мен өкілдіктерден, 235 мың жеке кәсіпкерден, 13 мың үй шаруашылығынан статистикалық деректерді жинауды жүзеге асырады», – деді спикер.

Респонденттерге жүктемені төмендету, олардың қаржылық, еңбек және уақыт шығындарын төмендету, әкімшілік кедергілерді жою, мәліметтерді енгізу кезінде қателер тәуекелдерін азайту, бастапқы деректерді жедел және сапалы жинауды қамтамасыз ету мақсатында респонденттерге бастапқы статистикалық деректерді Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының stat.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналасқан «Респонденттің кабинеті» арқылы жүзеге асырылатын онлайн режимде электрондық түрде ұсыну мүмкіндігі ұсынылды.



Бұл ретте статистикалық нысандарды уақытылы ұсынбау, сондай-ақ ұсынбау Әкімшілік құқық бұзушылық болып табылатынын және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғатынын атап өткен жөн.

«2022 жылдың соңында Ұлттық статистика бюросының логотипі ребрендингтен өтіп, stat.gov.kz сайты жаңартылғанын атап өткім келеді. Қазіргі уақытта пайдаланушылар сайттың қызықты, көркем, жұмыс істеуге ыңғайлы екенін атап өтуде. Жаңартылған сайтта жас бухгалтерлер үшін «Респонденттерге» батырмасында «Статистикалық нысандарды толтыру бойынша видеонұсқаулықтар» жаңа функциясын да ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар, деректермен жұмыс істеу дағдыларын арттыру мақсатында Data Literacy бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама статистикалық сауаттылықты арттыруға және деректер негізінде шешім қабылдау мәдениетін енгізуге бағытталған және статистика саласы аудиториясының үнемі хабардар болуына мүмкіндік береді», – деді Талғат Мұхаметқазиев.

Міне, статистика саласының да цифрлық жүйеге көшкенін көріп отырмыз.



БРИФИНГ

АЛМАТЫЛЫҚ ЧЕМПИОНДАР

«Канелло» залында жаттығу мүмкіндігіне ие болды

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында 2007-2008 жылғы жасөспірімдер арасындағы кәсіби бокстан Азиядағы бірінші турнирдің жүлдегерлері мен олардың жаттықтырушыларының қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.

Осы жылдың 21-22 қазан күндері елордада «Green Belt WBC Kazakhstan» пилоттық жобасының финалы өткен болатын. Ақтық жекпе-жектің қорытындысы бойынша үш алматылық жас боксшы WBC чемпионы белбеуін иеленіп, 1 млн теңге көлеміндегі ақшалай сыйлықтың иегерлері атанды.

Баспасөз конференциясында сөз сөйлеген Қазақстан Кәсіпқой бокс федерациясының бас хатшысы Болат Манкенов бұл жарыс дәстүрлі түрде АҚШ, Аргентина және Мексика елдерінде өткізілетінін атап өтті.

«Жарысты ұйымдастыру жоғары деңгейде өтті. Оларға Республиканың барлық қалалары мен облыстарының жас спортшылары қатысты. 20 өңірлік дивизион құрылып, іріктеу жарыстары басталды. Гранд-финалда төрт аймақтың чемпиондары, бес түрлі салмақ дәрежесінде жасыл белбеу үшін бақ сынасты», – деді Б.Манкенов.



Қазақстан Кәсіпқой бокс федерациясының президенті Виктор Демьяненконың айтуынша, бұл турнир тек кәсіпқойлар арасында ғана емес, сонымен қатар бокс әуесқойлары арасында да танымал. Ол мұндай жарыстарды өткізу бокстың дамуына және жаңа чемпиондардың пайда болуына серпін беретініне сенімді.

«Турнирге әуесқой бокспен айналысатын балалар қатысты, бірақ бұл титул олардың одан әрі дамуына және Қазақстан құрамасы-

ның көшбасшыларына ұмтылуына кезекті ынталандыру болатынына сенімдімін. Біз бұған үміттенеміз, сондықтан мұндай жобаны біздің балаларымыз бен көрермендеріміз үшін пайдалы деп санаймыз», – деп бөлісті ол.

Спортшылар турнирге екі ай дайындалған. Жас спортшылар келесі жылы әйгілі боксшы Сауль Альвареспен бір залда «Канелло» лагерінде жаттығу өткізуді жоспарлап отыр.

«Мені боксқа әкем алып келді. Ол бұрын бокспен айналысқан және мені әрдайым өзімен бірге жаттығуға апаратын. Сол кезде мен осы спорт түрімен айналысамын деп шештім. Кәсіби бокстағы жаңа тәсілдерді көріп, білу жоспарда бар», – деп атап өтті өз кезегінде боксшы, Green Belt WBC Kazakhstan белбеуінің иегері Асанәлі Сәтпаев.

Green belt WBC Kazakhstan белбеуінің тағы бір иегері, боксшы Абай Байғалық боксқа өзінің кумирі – атақты қазақстандық боксшы Геннадий Головкиннің жетістігінен шабыт алып келгенін айтты.

«Біздің қазақстандық чемпионның әрбір жекпе-жегін көріп, оның жеңістеріне қызығушылық танытып, мен боксты таңдаймын деп шештім. Сондай-ақ, маған Жәнібек Әлімханұлының стилі мен мәнері ұнайды, шетелдік боксшылардан мен Джарон Эннисті атап өтер едім», – деді ол.

Журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, боксшы, Green Belt WBC Kazakhstan белбеуінің иегері Зульфат Ярмұхамедов турнир кезіндегі қиын сәттер туралы айтып берді. Мысалы, жас боксшылар бұрын үш раунд жұдырық түйістіретін болса, бұл жарыста жекпе-жек төрт раундқа созылған.

«Негізінен, біз үш раунд жұдырықтасатынбыз. Төртінші раунд – бұл басқа деңгей және әлдеқайда ауыр, мұнда мінез көрсетуден басқа жол жоқ», – деді ол.

Федерация чемпиондардың өздерінен басқа, жазғы демалыс кезінде «Канелло» лагеріндегі оқу-жаттығу жиындарына турнирдің жүлдегерлері де қатысатынын атап өтті.

ДЗЮДО

АРДАГЕРЛЕР
АБУ-ДАБИДЕ
ТОП ЖАРДЫ

Абу-Дабиده Халықаралық дзюдо федерациясы ұйымдастырған ардагерлер арасындағы дзюдодан әлем біріншілігі аяқталды. Жарысқа АҚШ, Бразилия, Жапония, Корея және т.б. елдерден 1000-нан астам ардагер спортшылар қатысты.

Қазақстан ардагерлері әлемнің 64 командасы арасында жалпы командалық есепте 3-орынға ие болды. Жарысқа қатысқан жерлестеріміздің қатарында екі алматылық спортшы – Марат Мырзалиев және Серік Мәметиязов бар.

Айта кеткен жөн, М.Мырзалиев – 63 жаста, С.Мәметиязов – 48 жаста. Олар ардагерлер арасындағы дзюдодан ел біріншілігінде жеңіске жетіп, әлем чемпионатына жолдама алған. Дзюдода ардагерлер жарысына 35 жастан бастап рұқсат етіледі. Сондай-ақ, салмақ пен жас бойынша келесідей бөлінеді: 45–49, 50–54, 60–65, 66–73, 74–80, 81–85 жас.

Ардагер дзюдошылар – Марат пен Серік ағаларымыз жарыстан бөлек кезде өз қаражаттарына зал жалдап, онда балаларды тегін жаттықтырады. Дегенмен, ардагер министрлік тарапынан өздеріне қолдау, демеушілік жоғын айтып, қынжылады. Ел атын сыртта таныстырып жүрген спортшылар осы жағына көңіл бөлінсе деп тілейді.

ФУТБОЛ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА ДАЙЫНДЫҚТЫ БАСТАДЫ

Қараша айында 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу турнирі аясында Ұлттық құрама қорытынды ойындарын өткізеді.

Қазақстан ұлттық құрамасы Астанада оқу-жаттығу жиынын бастады. Бұл жолы құрама сапында бірнеше өзгерістер бар. Бапкерлер штабының шешімі бойынша Эльхан Астановтың орнына «Ордабасыдан» Максим Федин шақырылды. Ал Абат Айымбетов, Александр Марочкин, Тимур Досмағамбетов, Исламбек Куат, Аслан Дарабаев, Абзал Бейсебеков, Александр Заруцкий, Ян Вороговский, Владислав Прокопенко УЕФА Конференциялар лигасының матчынан кейін құрамға қосылады. Самат Жарынбетов жарақатына байланысты ұлттық құрамаға келмеді. Сондай-ақ, Бақтиер Зайнутдинов, Рамазан Оразов, Нұралы Әліп, Марат Быстров, Лев Скворцов, Александр Зуев ұлттық құрамаға 12-13 қараша күндері қосылады.

Айта кеткен жөн, қараша айында Қазақстан құрамасы 2024 жылғы Еуропа чемпионатына іріктеу кезеңі аясында соңғы екі матчын өткізеді. 17 қарашада Магомед Адиев шәкірттері Сан-Мариноны қабылдайды. Ойын елорданың



«Астана Арена» стадионында өтеді. Матч 21.00-ге жоспарланған.

Үш күннен кейін Қазақстан құрамасы сырт алаңда Словениямен ойнайды. Ойын Люблянадағы «Стожице» стадионында өтеді. Басталуы, Астана уақытымен 01.45 (жергілікті уақытпен 20.45).

ТАЭКВОНДО

ПӘКІСТАННАН ТАБЫСТЫ ОРАЛДЫ

Қазақстандық таэквондошылар «Asian Open Championship G2» турнирінде 13 медаль жеңіп алды.

Таэквондодан Қазақстан командасы Пәкістан астанасы Исламабад қаласында өткен «Asian Open Championship G2» турнирінде сәтті өнер көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша қазақстандық таэквондошылар 13 медаль жеңіп алды: бес алтын, бір күміс және жеті қола.

Наргиз Қойшыбекова (46 келі), Мария Севостьянова (57 келі), Жавохирхан Исламов (58 келі), Нұрай Хусайнова (67 келі) және Жансель Дениз (+73 келі) чемпион атанды. Ал Айдана Еділбаева (46 келі) күміс жүлде алды. Сонымен қатар, Арайлым Асқарова (57 келі), Самирхон Абабакиров (58 келі), Жадыра Хайруллина (67 келі), Бексұлтан Мұсахан (68 келі), Эльдар Бірімбай (68 келі), Диана Абсенова (73 келі) және Нұрбол Ерсайынов (87 келі) қола жүлде жеңіп алды.



Бетті дайындаған
Досбол АТАЖАН.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503

Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

БРИФИНГ

ӨКҚ алаңында Алматы қаласы бойынша Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мен Дезинфекция орталығының сарапшы-эпидемиологтарының қатысуымен брифинг өтті. Олар қала тұрғындарын жәндіктер мен қандаладан құтылу жолы – дезинфекциялаушы мамандарға жүгіну екенін атап өтті.

ЗИЯНКЕСТЕРДЕН ДЕЗИНФЕКЦИЯ АРҚЫЛЫ ҚҰТЫЛАСЫЗ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Табиғатта барлығы 40 мыңнан астам қандала тіршілік етсе, олардың елімізде 1500 түрі бар. Сарапшылардың айтуынша, қандала адам қанымен қоректенеді.

«Тұрғындар үй қандаласы қаптап кетті деп жиі шағымданады. Олар түнгі уақытта белсенді болады. Қандала 4 айға дейін өмір сүреді және тек адам бар жерде болады. Қандалалар қырық күн ішінде дамиы және бір уақытта үш жүзге дейін жұмыртқа салады. Олар үшін қолайлы орта – ескі ағаш жиһаз, еден жарықтары, плинтус асты, сондай-ақ түрлі жиһаздар.

Ал қолайсыз орта – бетон, монолитті үйлер, бірақ адам жүрген жердің бәрі қандаланың жаңа ортаға бейімделуі үшін жеткілікті», – дейді Алматы қаласы бойынша Дезинфекция орталығы директорының орынбасары Вахит Сейдуалиев.

Сарапшы сонымен қатар, бөлмені дезинсекциялық жұмыстарға дайындау бойынша ұсыныстарымен бөлісті.

«Қандалаға қарсы өңдеу кезінде бірінші кезекте қоқысты жою керек. Ең алдымен, жиһаз артқа тартылады, ыңғайлы және кедергісіз өңдеу үшін барлық беткі қабаттар мен саңылаулар дезинфекция жүргізуге қолжетімді болуы керек. Азық-түлік, ыдыс-аяқ пен киімді алып тастау керек.

Ескі, қажет емес жиһазды да шығарып тастаған жөн. Төсек-орынды қағып, сілкіп, далада кептіріп алған жөн. Өңдеу жүргізу кезінде бөлмеде адамдар мен үй жануарлары болмауы керек», – деді В.Сейдуалиев.

Үй-жайға дезинфекциялық өңдеу 2-3 сағат ішінде жүргізіледі. Өңдеу мұқият суару және сұрту әдісімен жүзеге асырылады. Өңдеу жасалып болғаннан кейін, үй-жай бір тәулікке тарс жабылуы керек. Өңдеу жүргізілгеннен кейін бір күн өткен соң қандалалар өледі. Бір айдан кейін сол үй-жайға дезинфекциялық өңдесуді қайталаған жөн.

Ал Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гаухар Қаткенова тілшілер сұрағына жауап бере отырып, қандалаларды өңдеу нәтижесінде адамдардың улану жағдайлары болмағанын, бірақ 2019, 2021 жылдары мұндай фактілер тіркелгенін хабарлады.

Содан кейін пәтерлер пестицидтер болып табылатын бірінші дәрежелі қауіпті препараттармен өңделген. Олар ауыл шаруашылығында арамшөптерді жою үшін қолданылады. Адамдар бұл препараттарды нарықта таңбалаусыз және нұсқаулықсыз сатып ала береді. Өңдеу кезінде азаматтар көршілеріне ескертпеген, сондықтан ол улануға әкеліп соқтырған.

Мамамандар жәндіктер мен қандаладан құтылу үшін өз бетінше әрекет етпеуге, дезинфекциялаушы мамандарға жүгінуге шақырды.

АНТИКОР

ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мәліметінше, 10 айда 1500-ге жуық жемқорлық қылмыс тіркеліп, 1100-ден астам адам әшкереленген. Мұның 158-і түрлі деңгейдегі басшылар.

«1 мыңнан астам іс сотқа жіберілді. Осы істермен байланысты 282 миллиард теңге залал өтелді. Бұрнағы жылдан бері бюджет пен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, шамамен, 857 миллиард теңге сомаға мүлктік актив пен ақшалай қаражаты қайтарылды. Соның 159,8 миллиард теңгесі шетелдік юрисдикциялардан түскен ақша. Бұл қаражат ел бюджетіне түсті», делінген хабарламада.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жергілікті атқарушы органдарда тіркелген жемқорлық қылмысқа айрықша маңыз бөлуде. Жыл басынан бері өңірлерде барлығы 215 лауазымды тұлға әшкереленген, соның 137-сі – басшылар. «Жемқорлыққа ұшыраған мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігі Алматы, Шымкент қалалары мен Алматы, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Ақмола, Абай және Жетісу облыстарына тиесілі. Агенттік қызметіндегі басым бағыт превенция жұмысы», делінген хабарламада.

А.ҚЫДЫР.

ҚАУІПСІЗДІК

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН САҚТАҢЫЗ!

Жергілікті полиция қызметінің мәліметінше, Алматыда жыл басынан бері мопедтердің қатысуымен 333 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, соның салдарынан 14 адам қаза тапқан, 355 адам жарақаттанған.



Айнабай
МӘДИ

– Мопедтерді жүргізумен байланысты негізгі қауіптің бірі – көліктің жылдамдықты сақтамай, жол қозғалысына көлденеңнен кеп килігетіні. Мопед цилиндрінің көлемі 50 текше сантиметрден асады. Ал оның максималды жобалық жылдамдығы сағатына 50 километрден асса, жолда айтарлықтай қауіп төндіреді. Мопедтер жол қозғалысына қатысушылардың жарақат алуына, тіпті адам өліміне әкелетін ауыр жол-көлік апатына сеп болмақ. Бұл көлік жастар арасында баламалы көлік түрі ретінде мәлім. Алматы жолдарында 50 мыңнан астам мопед жүр. Сәйкесінше, бұл фактор жалпы

жол-көлік апаты деңгейіне кері әсерін тигізуде, – дейді Алматы қалалық ПД ІСКБ арнайы тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Дәурен Мырзаханов.

Мырзахановтың айтуынша, көліктің осы түрі қатысқан жол-көлік апаты азаймай тұр. Өткен аптада қаламызда осындай апаттан кісі өлімі болды. Мопедтің жұмысына байланысты мәселе бір күнде шешілмес. Осы орайда шаһар жолдарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мопед иелері мен жалпы жұрттың біріккен күші керек. Осы реттегі бастапқы қадам – әрбір жол қозғалысына қатысушының өз жауапкершілігін сезінуі. Шаһар полицейлері азаматтарды жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға шақырады.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ТҮЙМЕДАҚ» ӘЛІ ГҮЛДЕП ТҰР...

Бұл шуақты күндердің әлі жалғаса беретінін білдіргендей

...Биылғы қараша шуақты болып басталды. Жауын-шашын орын алған жоқ. Дегенмен, қазір жүріп жатқан «Боз қырау» амалы сәл де болса, салқындықты ала келді. Далада ыдыста қалған таяз суларда жұқа қабыршақ мұз қатты. Ертелі-кеш ызғырық жел соғып тұр.

Бірлі-жарым тал-қайыңның жапырақтары сарғайып түскені болмаса, жасыл желектің қатары әлі сиреген жоқ...



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

«Қараша келмей, қар жаумас» дейді халық даналығы. Қар қарашаның алғашқы күндерінде түсіп, ерімей жатып қалса, қыс ұзақ болады деп болжаған. Осы айда адамды, малды ықтырып, бет қаратпайтын суық жел соғады, оны ел арасында ықтырма жел деп атайды. Пайым осылай дейді. Мұндай жағдай ай басталғалы Алматыда байқалмағанмен, еліміздің шығысы мен солтүстігінде көрініс берді.

Қараша-желтоқсан айларының тағы бір ерекшелігі – киіктер үйірге түседі. Халықтың бақылауы бойынша, киіктің үйірге түсетін кезінде күн райында айтарлықтай өзгеріс болады. Солардың әсерінен «киіктің мойын жуары», «киіктің матауы», «киіктің белбасары» тәрізді ұғымдар пайда болған. Бұлар табиғат құбылысы мен киік тіршілігі арасындағы байланысты аңғартатын атаулар. Киіктің үйірге түсу мерзімі байтақ даламыздың барлық жерінде бірдей болмайды, әр аймақтың табиғи ерекшелігіне байланысты бір жерде ерте, ал бір жерде кеш өтіп жатады. Киіктің матауы – киіктер үйірге



түсетін мезгіл. Киік, ақбөкендер бұл кезде үлкен топ құрып, кораланып жиналады да, маталады, яғни үйірге түседі.

«Халық айтса, қалт айтпайды» демекші, алдағы апта өткен апталарға қарағанды айтарлықтай ызғарлы болады. Әсіресе, қара суық көбірек көрініс береді. Бірақ жауын-шашын сирек көрініс береді. Күннің көзі көрініп тұрғанымен жылуы өте әлсіз болады. Бұл шуақты күндер мүлде болмайды деген сөз емес. Арагидік аспан ашылып, күн нұры аз да болса, шашылып тұрады.

Бүгінгі пайымымыздың тақырыбына айналып отырған Түймедақ (ромашка) гүліне (сурет үй бакшасынан түсірілді)

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

БҰЛТ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- * Бұлт желге қарай көмсе, онда кешікпей қар жауады.
- * Бұлт ортасынан ыдыраса, ауаның райы бұзылады.
- * Бұлт шетінен ыдыраса, ауа райы түзеледі.
- * Бұлт көкжиектен будақ-будақ болып өркештеніп көтеріліп, іле-шала көрінбей кетсе, қатты жел тұрып, қақпаған аяз болмақ.
- * Бұлт өркештенген күйі көтеріле берсе, қалың қардың белгісі.

келетін болсақ, ол – бүкіл әлемге танымал дәрілік өсімдік. Славян мәдениетінде түймедақ байлықтың, махаббаттың, пәктіктің белгісі. Түймедақ күрделігүлділер тұқымдасына жатады. Түймедақтың емдік қасиеті: дезинфекциялық, қабынуға қарсы, өт айдайтын, ауруды басатын, седативті, тыныштандырушы, жараны жазушы, тер шығаратын, тырысуға қарсы, түйілуді басатын, қан тоқтататын, аллергияға қарсы.

Медицинаның атасы Гиппократ түймедақ гүлін дәрілік өсімдіктің ең шипалысы деп бағалаған. Түймедақ бет қаритын аяз болғанша өсіп, гүлдей береді екен. Қазір де аппақ гүлдерін шашырата жайып гүлдеп тұр. Бұл шуақты күндердің әлі жалғасатынын білдіргендей...

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІЛЕРГЕ ЖҮГІНУДІ ТАЛАП ЕТЕТІН ТКШ САЛАСЫНДА ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

«АЛСЕКО» АҚ (бұдан әрі – АЛСЕКО) – Алматы қаласының тұрғындары үшін таптырмас көмекші.

Өздеріңіз білетіндей, АЛСЕКО компаниясының жобаларының бірі коммуналдық және басқа да қызметтерге ақы төлеуді ыңғайлы әрі бір жерде болуын қамтамасыз ететін орталық болып табылады.

АЛСЕКО-ның өз жұмысын бастауы алматылықтарды есептеулер мен жазбалар қажеттілігінен, ал коммуналдық қызметтерді жеткізушілерді өз қызметтеріне жеке шоттарды басып шығаруға, жеткізуге және өңдеуге қажетсіз шығындардан босатты. Әрбір тұтынушының абоненттік кітапшалары керексіз боп қалды. Бірыңғай есеп айырысу орталығының пайда болуымен есепшотты алу, коммуналдық және басқа да қызметтерге ақы төлеу оңай әрі ыңғайлы болды.

Алдағы күндері АЛСЕКО инновацияның катализаторы болып қала береді. Компания тек өзгерістерге бейімделіп қана қоймай, осы өзгерістердің қозғалтқышы бола алды. Ел тұрғындарын жаңа жайлылық стандарттары арқылы шабыттандырады. Компанияның технологиялық шешімдерін пайдалана отырып АЛСЕКО үлгісі бойынша Қазақстанның басқа қалаларында: Астана, Көкшетау, Қызылорда, Өскемен, Семей және т.б. өз қызметтеріне жеке шоттарды басып шығаруға, жеткізуге және өңдеуге бірыңғай есеп айырысу орталықтары ашылды.

Бүгінгі мақалада АЛСЕКО байланыс орталығына келіп түсетін сұрақтарға жауап аламыз (шығарылым 02.11.2023 ж. басталады).

1. Есептеу құралдарының нақты көрсеткіштерін қайда және қандай телефон арқылы беру керек?

Есептеу құралдарының көрсеткіштерін белгілі бір қызмет көрсетушілер өздері көрсеткен қызметтерін есептеу үшін пайдаланады. Шоттарды қалыптастыру және басып шығару үшін есептеулер мен деректерді тұтынушыға беруді көрсетілетін қызметті берушілер жүзеге асыратындықтан, есептеу аспаптарының көрсеткіштерін жинауды да солар жүргізеді.

Сіз есептеу құралдарының нақты көрсеткіштерін беру үшін тікелей



коммуналдық қызметтерді жеткізушілерге хабарласуыңыз керек.

Іс жүзінде барлық жеткізушілер өздерінің ресми веб-сайттарында және әлеуметтік желілерде көрсеткіштерді беру үшін өз ақпаратын ұсынады. Сонымен қатар, кейбіреулер бұл ақпаратты шоттардағы қызмет көрсетуге арналған жолдарға қосады.

2. Суды/электр энергиясын ажырату, кіреберісті тазалау, т.б. сияқты коммуналдық және өзге де қызметтерді көрсету мәселелері бойынша қайда жүгінуге болады?

АЛСЕКО коммуналдық және өзге де қызметтерді жеткізуші, көппәтерлі тұрғын үйлерді басқаруды немесе күтіп ұстауды өз міндетіне алмайды.

Су, газ, электр энергиясы, сондай-ақ кіреберістерді тазалау және т.б. коммуналдық, басқа да қызметтерді тікелей ұсыну компанияның құзыретіне кірмейді. Бұл аспектілер осы қызметтерді тікелей

орындайтын мамандандырылған ұйымдардың жауапкершілігіне жатады (мысалы, электр энергиясы бойынша – «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, ыстық су және жылыту бойынша – «Алматы жылу желілері» ЖШС, газ бойынша – «Алматыгаз» АҚ) ЖШС және т.б.). Сіз өз мәселелеріңіз бойынша осы мекемелерге жүгінуіңіз керек. Есептеулер, қайта есептеулер және қарыз сомалары да қызмет көрсетушілердің жауапкершілігіне жатады.

Қызмет көрсетушінің атауы шоттың жоғарғы жағында көрсетіледі. Бұл ұйымдардың Байланыс ақпараты шоттарда көрсетілген және компанияның ресми сайтында www.alseco.kz «Тұтынушыларға арналған ақпарат» бөлімінде бар.

3. Қызметтер бойынша есептеу қай кезеңде жасалады және шот-фактураны қай күнге дейін төлеу керек?

Қызметтер бойынша есептеулер әрқилы өзгеруі мүмкін:

● «Электр энергиясы», «Ыстық су», «Жылыту», «Суық су» және «Көріз» қызметтері бойынша, есеп есептеу құралдарының көрсеткіштері бойынша қойылса, онда көрсеткіштерді алған күнге назар аудару қажет. Есептеу нақты пайдаланған кезең үшін қойылады.

● Есептер есептеу құралдарының көрсеткіштеріне тәуелді болмайтын қызметтерге (мысалы, «Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару», «Кіреберісті жинау» т.б.) көбінесе айына бір рет қойылады.

● Келесі айда есептелетін де қызметтер бар (мысалы, Алма-ТВ).

Шоттардағы есептеу туралы ақпарат жеткізушілер ұсынған мәліметтер негізінде беріледі. Қызмет көрсетілген жолда әдетте есептелген кезең көрсетіледі. Сонымен қатар, кейбір қызметтер үшін төлем мерзімі шоттың төменгі жағында көрсетілген.

4. Егер шотта басқа біреудің ЖСН-і көрсетілсе ше?

ЖСН нөмірі, есептеулер мен өсімпұлдар сомасы, салықтар бойынша барлық ақпарат, Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің деректері негізінде қалыптасады.

Егер сізге келген шотта басқа біреудің ЖСН болса, Мемлекеттік кірістер басқармасына жүгіну ұсынылады. МКБ байланыс деректерін АЛСЕКО веб-сайтында «Тұтынушыларға арналған ақпарат» бөлімінен табуға болады.

5. Қызметтерді есептеу мәселесі бойынша қайда жүгінуге болады?

Берілген ақпараттың дұрыстығына қызметтерді жеткізушілердің деректері негізінде АЛСЕКО шотында ақпарат беріледі.

Есептеу туралы сұрақтар туындаған кезде осы қызмет бойынша мәселе туындатқан мекемеге тікелей жүгіну қажет.

Егер сіз де қосымша сұрақтар туындаса, сіз әрқашан АЛСЕКО-дан нақты мәлімет ала аласыз.

«АЛСЕКО» АҚ контактілері:
+7 727 339-50-15
+7 771 339-50-15 (WhatsApp)
Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 155
(Дс. – Жм. 08.00-ден 16.00-ге дейін).

